

Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 296 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 20 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4580 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2013 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2011.01.31 № 8 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Мынадай қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларды күмәнді және үмітсіз санатына жатқыза отырып, провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 16 қарашадағы N 465 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2103 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде N 2103 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларды күмәнді және үмітсіз санатына жатқыза отырып, провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 16

қарашадағы N 465 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 327 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2525 тіркелген).

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2011.01.31 № 8 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енеді.

5. Банктерді қадағалау департаменті (Раева Р.Е.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы қабылданған күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

6. Ақпарат технологиясы басқармасы (Бейсенбаев А.Ж.) 2007 жылғы 1-наурызға дейінгі мерзімде "Статистика" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені Ережеге сәйкес жетілдіруін қамтамасыз етсін.

7. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

К е л і с і л д і :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і
М и н и с т р

2007 жылғы 11 наурызда

Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	ұйымдарын
реттеу	мен	агенттігі
Басқармасының		
2006	жылғы	26
N 296 қаулысымен	бекітілді	желтоқсандағы

Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесі

Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Кодекс), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктер) міндетті сақтауына қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібін және шарттарын белгілейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереженің мақсаты үшін мынадай түсініктер мен ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

1) айналым капиталы бойынша кредит – ұзақ мерзімді активтерді (инвестициялар және негізгі қаражат) шегергендегі активтерден аспайтын мөлшерде ұйымның ағымдағы қызметін қаржыландыру үшін берілетін кредит;

2) активтер – барлық жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде банктерге қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ;

3) активті (шартты міндеттемені) қарсы жіктеу – провизияларды (резервтерді) оған қарсы аяғына дейін тиісінше құра және (немесе) тарата отырып, осының алдында жіктелген активті (шартты міндеттемені) жіктеу;

4) бірыңғай кредиттер портфелі – кредиттік тәуекелге ұқсас сипаттамасы бар және осы Ереженің 5-тарауының талаптарына және банктің басқарушы органы бекіткен банктің ішкі ережелеріне сәйкес келетін кредиттер тобы;

5) инвестициялық заем (кредит) – мынадай талаптарға сәйкес келетін заем (к р е д и т) :

заем (кредит) мерзімі бес және одан артық жылға жасалады;

заем (кредит) шартының талаптары бойынша мерзімінен бұрын толық өтеуге тыйым салынған. Заемды ішінара өтеу заемшының бизнес-жоспарында көзделген мерзімде және тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін;

заем (кредит) материалдық өндірісті, өндірістік және көлік инфрақұрылымын

құруға, кеңейтуге және модернизациялауға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруды қарастыратын оның бизнес-жоспарына сәйкес заңды тұлғаға б е р і л е д і ;

6) кредит (заем) – банктің заем, лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларын, сондай-ақ вексельді есепке алуды жүзеге асыруы (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін кредит деп банктік заем операцияларын жүзеге асыру түсіндіріледі);

7) қамтамасыз ету құны – ағымдағы сәтке нарықтық құннан, яғни оны өткізу (сату) мүмкіндігін ескергендегі әділ құнынан анықталатын кепілді қамтамасыз ету қ ұ н ы ;

8) провизиялар (резервтер) – нақты активтің құнын жоғалтуға душар болуын тану, ал шартты міндеттеме жағдайында - банктің өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі немесе активтердің (шартты міндеттемелердің) жиынтығы бойынша шығынға душар болуын тану ;

9) секьюритизлендірілген активтер – «Секьюритизлендіру туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес бөлінген активтер;

10) тең заемшы – заемшымен бірге заем (кредит) шартына қол қоятын және заем (кредит) шарты бойынша алынған ақшаны қайтару және алынған заемды (кредитті), оның ішінде заем (кредит) бойынша сыйақы мен басқа төлемдерді толық төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға ортақ жауапты ретіндегі жеке немесе заңды тұлға ;

11) шартты міндеттеме – бұл: банктің толық бақылауында болмайтын алдағы бір немесе бірнеше белгісіз оқиғалардың пайда болуы (пайда болмауы) кезінде ғана тану мүмкін болатын м і н д е т т е м е ;

үшінші тұлғаның пайдасы үшін және шарт талаптары негізінде пайда болған клиенттің кредиттік тәуекелдеріне жауап беретін банк қабылдаған міндеттеме.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Банктер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру туралы есепті (бұдан әрі - Есеп) электронды тасымалдағыштармен, әрбір активтердің, шартты міндеттемелердің, бірыңғай кредиттердің түрі бойынша (депозиттер, кредиттер, бағалы қағаздар, дебиторлық берешек, банкте олар бойынша секьюритизлендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы бар секьюритизлендірілген активтер, банкте олар бойынша

секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы жоқ секьюритилендірілген активтер), бірыңғай кредиттерді олардың әр қайсысының бірыңғайлылық белгісі бойынша талдау қосымшасымен бірге жеке кесте түрінде ұсынады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Электронды тасымалдағыштағы есептер берілген деректердің құпиялылығы мен түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныс құралы бар ақпаратты жеткізуге кепілдік берілген көлік жүйесін пайдалану арқылы жіберіледі.

4. Ай сайын жасалатын қағаз тасымалдағыштағы есептерге бірінші басшы немесе оның орнындағы адам, бас бухгалтер қол қояды, ол мөрмен расталады және банкте сақталады. Уәкілетті органның талап етуі бойынша банктер сұрату алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қағаз тасымалдағыштағы есепті береді.

5. Электронды тасымалдағышпен, қағаз тасымалдағышпен берілген деректердің дәлме дәлдігін банктің бірінші басшы немесе оның орнындағы адам қамтамасыз етеді.

6. Банктердің салық салынатын кірісті анықтау кезінде алып тастау құқығы бар провизиялар (резервтер) бойынша күмәнді және үмітсіз активтердің және шартты міндеттемелердің тізбесі Кодекс бойынша анықталады.

2-тарау. Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы негізгі ережелер

7. Активті және шартты міндеттемелерді жіктеу, оларды банктің бухгалтерлік есебінде көрсету банк пен оның борышкері (дебиторы) арасындағы шарт талаптарын өзгертпейді, оның ішінде банктің талап етудің (борыштың) негізгі сомасын және ол бойынша сыйақыны, сондай-ақ борышкердің (дебитордың) шарт талаптарын бұзғаны үшін айыппұл мен өсімпұлды толық көлемде алу құқығына әсер етпейді.

8. Барлық жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде банктерге қойылатын актив-талаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар мен салықтар және бюджетке төленетін міндетті басқа төлемдер бойынша есептерді қоспағандағы шартты міндеттемелер жіктеуге жатады.

Осы Ереженің мақсаты үшін уәкілетті орган Standard & Poor's агенттігінің рейтинг бағасымен бірге сондай-ақ Moody's Investors Service және Fitch

агенттіктерінің рейтинг бағаларын таниды.

8-1. Секьюритизлендірілген активтер осы Ережеге сәйкес жіктелуге жатады. Банкте олар бойынша секьюритизлендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы бар секьюритизлендірілген активтер бойынша провизиялар құрылмайды.

Ескерту. 8-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9. Осы Ереженің 8-тармағының талаптарын ескеріп, банктің бағалы қағаздар портфеліндегі бағалы қағаздар мына жағдайлардан басқа жағдайда жіктелуге ж а т а д ы :

«BBB-»-тан төмен емес (Standard & Poor's және «Fitch» рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе «Baa3»-тен төмен емес («Moody's Investors Service» рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) рейтингі бар шетел эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздары;

«BB-»-тан төмен емес (Standard & Poor's және «Fitch» рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе «Ba3»-тен төмен емес («Moody's Investors Service» рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) рейтингі не жоғарыда аталған рейтинг агенттіктерінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздары;

«Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тан төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzAAA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары;

арнайы мақсаттағы банктің еншілес ұйымдарының банк кепілдік беретін және банктің бухгалтерлік балансында есепке алынатын сомалары бөлігіндегі борыштық бағалы қағаздары.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Банк инвестициялары (салымдары) заңды тұлғаның акцияларына (жарғы капиталындағы қатысу үлесі), сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің "BBB-"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар жіктелуге жатпайды.

11. Банктер осы Ережеде белгіленген тәртіппен активтер мен шартты міндеттемелерге байланысты болуы мүмкін жоғалтуларға қарсы провизияларды (резервтерді) қалыптастырады.

Банк провизияларды (резервтерді) активтер мен шартты міндеттемелердің құнсыздануы кезінде қалыптастырады - активтер мен шартты міндеттемелердің құнын заемшының шарт талаптарына сәйкес не осындай орындамаудың (тиісінше орындамау) (бұдан әрі - кредиттік тәуекел) нақты қаупінің болуы кезінде банк алдындағы активтер мен шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелерді орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан активтің және шартты міндеттеменің құнының жоғалуы кезінде.

12. Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қарсы жіктеу) және провизияларды (резервтерді) қалыптастыру мынадай талаптар негізінде жүзеге асырылады:

активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қарсы жіктеу) және провизияларды (резервтерді) қалыптастырудың нақты іс-қимылдарының осы Ереженің және Банктің ішкі саясатының талаптарына сәйкес келуі;

активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қарсы жіктеу) және провизияларды (резервтерді) оған қарсы қалыптастыру аясына қатысты барлық ақпаратты кешенді және объективті талдау;

активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу (қарсы жіктеу) және провизияларды (резервтерді) қалыптастырудың уақтылылығы және есепте және есеп беруде провизиялар (резервтер) мөлшерінің өзгеруін көрсетудің шынайылығы.

13. Активтер және шартты міндеттемелер стандартты және жіктелген болып бөлінеді.

Жіктелген актив талап ету шарт талаптарына сәйкес орындалмаған активті не ол бойынша талап ету толық көлемде орындалмайтындығы немесе жалпы орындалмайтындығы туралы негіздеуші болжалдың бар екендігіне байланысты активті білдіреді. Жіктелген шартты міндеттеме банктің өз міндеттемелерін орындау болжалы бар шартты міндеттемені білдіреді.

Жіктелгенге жатпайтын актив пен шартты міндеттеме стандартты болып табылады.

14. Жіктелген активтер мен шартты міндеттемелер мынадай санаттарға бөлінеді:

1) күмәнді;

2) үмітсіз.

15. Кредиттерді (инвестициялық заемдардан (кредиттерден), бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттерден, жеке тұлғаларға берілген тұрғын үй заемдарынан басқа) басқа банктерге орналастырылған банк депозиттерін (

оның ішінде банктің корреспонденттік шоттарын), дебиторлық берешекті және шартты міндеттемелерді жіктеу осы Ереженің 3, 4, 6 және 7 тарауларында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

16. Инвестициялық заемдарды (кредиттерді) және олармен байланысты шартты міндеттемелерді жіктеу осы Ереженің 3, 6 және 7-тарауларында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

17. Бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттерді жіктеу осы Ереженің 5-тарауында көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

18. Жеке тұлғаларға берілген ипотекалық тұрғын үй заемдарын жіктеу осы Ереженің 3, 5, 6 және 7-тарауларында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Ереженің 4-қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

18-1. Бағалы қағаздарды жіктеу осы Ереженің 2 және 7-2-тарауларында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылсын - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

19. Егер банктің сол бір ғана адамға бірнеше талабы (кредитті, дебиторлық берешекті, шартты міндеттемелерді және басқа талаптарды қосқанда) болса, онда мұндай талаптар қамтамасыз ету сапасының және мақсатты қолданудың критерийінен басқа осы тұлғаға қойылатын талаптардың біреуі бойынша төмен сападағы жіктеу санатымен бірдей жіктеледі.

Жіктелетін санат төмен критерийлердің бірі бойынша мына жағдайда бірдей бағаланады :

- 1) қ а р ж ы л ы қ ж а й - к ү й ;
- 2) жіктелген актив бойынша төлемдердің кез-келгенін өтеу жөніндегі мерзімі өткен берешектің болуы ;
- 3) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;
- 4) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;
- 5) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;
- 6) заемшыда (борышкерде) рейтинг болуы.

Кредитті қамтамасыз ету мен мақсатсыз қолдану үлесі әр талап бойынша жеке бағаланады .

Осы тармақтың талабы бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттерге, жеке тұлғаларға берілген ипотекалық тұрғын үй заемдарына таралмайды. Осы тармақтың «қаржылық ахуал» критерийі бөлігіндегі талабы, тиісінше валюталық түсімі, жалақысы жоқ заемшыларға шетел валютасында берілген және (немесе) олардың валюталық тәуекелдері заемшы тарапынан тиісінше хеджирлеу құралдарымен жабылмаған кредиттерге, сондай-ақ кредиттердің талаптары заемшылар үшін валюталық тәуекелдің болуын көздейтін кредиттерге таралмайды.

Жіктелетін актив бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша мерзімі өткен берешек" критерийі талаптардың ең нашары бойынша баға бергенде активтерді және шартты міндеттемелерді жіктеу сәтіне ғана төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда ғана қолданылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

20. Осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес жіктелетін актив, шартты міндеттеме активтердің, шартты міндеттемелердің екі жіктелген санаттары арасында аралық жағдайға ие болатын болса, онда ол осы активті, шартты міндеттемені мейлінше төмен алуға негіз болады.

21. Банктердің заемшылардың (борышкерлердің) кредит төлеу қабілеттілігін талдауда, оның ішінде заемшының қаржылық жағдайын және алынған кепілдің құнын бағалау кезінде қолданылатын критерийлер, сондай-ақ осы Ережелерге сәйкес провизиялар (резервтер) құру жөнінде шешім қабылдау және орындау рәсімдері осы Ережемен, сондай-ақ банктің кредиттік, инвестициялық және есеп саясатын анықтайтын ішкі құжаттарымен, оның ішінде мынадай талаптармен реттеледі:

осы Ережеге сәйкес активтерді жіктеуге мүмкіндік беретін кредиттік тәуекелді бағалау жүйесімен, оның ішінде кредиттер сапасын бағалаудың мейлінше нақтыланған рәсімдермен;

құжаттамалық ресімдеу және кредиттер мен шартты міндеттемелерді бағалауды растау тәртібі;

провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі шешімдерді қабылдау және орындау рәсімдері;

активтер бойынша сыйақы төлеуді есептеудің және тоқтата тұрудың тәртібі; сала бойынша пайдаланылатын ақпарат көздерін, баға берудегі қажетті басқа қосымша мәліметтерді сипаттауды қосқандағы заемшы қызметі аясындағы сала

ерекшеліктерін ескере отырып, заемшының қаржылық жай-күйін бағалау
ж ө н і н д е г і р ә с і м д е р ;
қамтамасыз етуді бағалау жөніндегі әдістерді, ережелерді және рәсімдерді
бағалау, с и п а т т а у т ә р т і б і ;
өзге де маңызды талаптар және ережелер.

3-тарау. Кредиттерді жіктеу ерекшеліктері

22. Кредиттерді жіктеу олардың қамтамасыз етілу сапасына, заемшының қаржылық жағдайына, оның кредиттік тарихына, заемшының бұрын банктерден алған кредиттерінің жіктелу санатына және оның есептелген сыйақысымен бірге толық қайтарылу ықтималдылығына әсер етуші басқа факторларға байланысты жүзеге асырылады.

23. Банкаралық кредит осы Ереженің 4-тарауының талаптарына сай басқа банктерде орналастырылған депозит ретінде жіктеледі.

24. Банктерге арналған пруденциалдық нормативтер есебінің әдістемесі жөніндегі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептелген банктің меншікті капиталының шегінің 0,02% аспайтын бөлігіндегі айналым капиталымен алынған кредиттер осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес жіктеледі.

25. Мерзімін ұзарту деп кредитті (шартты міндеттемелерді, дебиторлық берешекті және басқа талаптарды) өтеудің соңғы мерзімін ұзарту бойынша шарттың талаптарын өзгерту, борышкердің, заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалының нашарлауымен байланысты кредиттеу мерзімдерін, төлемдер сомасын (сомаларын) ұзарту болып табылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

26. Инвестициялық заемдардан (кредиттерден) басқа 2 (екі) жылдан артық мерзімге берілген кредит бойынша сыйақыны өтеу кредитті өтеу мерзіміне дейінгі соңғы жылы көзделген болса немесе осы кредит бойынша сыйақы төлемінің кестесі болмаған болса, сондай-ақ банктік заем шартының мәтінінде сыйақы төлеудің кезеңдігін айқындайтын тұжырымдама болмаса, онда осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес анықталған осы кредиттің жіктелім санаты бір с а н а т қ а т ө м е н д е т і л е д і .

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

27. Қазақстан Республикасынан тысқары қалып отырған (тіркелген) жылжитын, жылжымайтын мүлікке қамтамасыз ету Тауар түрінде қабылданса кредит қамтамасыз етілмеген болып табылады.

28. Заемшы тарапынан тиісті хеджирлеу құралымен жабылмаған тиісінше түскен валюталық ақшасы және (немесе) валюталық тәуекелі жоқ, заемшылардың қаржылық жай-күйінің жіктелім санаты осы Ереженің 2-қосымшасына немесе 3-қосымшасына сәйкес анықталған заемшыларға шетел валютасымен берілген кредиттер бойынша жіктелім санаты бір санатқа төмендетіледі.

Осы тармақтың талабы 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

28-1. Осы Ереженің 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес анықталған, тиісінше валюталық түсімі, жалақысы жоқ заемшыларға шетел валютасында берілген және (немесе) олардың валюталық тәуекелдері заемшы тарапынан тиісінше хеджирлеу құралдарымен жабылмаған кредиттерді, сондай-ақ кредиттердің талаптары заемшылар үшін валюталық тәуекелдің болуын көздейтін кредиттерді жіктеу санаты бір санатқа төмендетіледі және олар: 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 5 (бес) пайыз провизиялардың қалыптасуымен «күмәнді 1 санаттан», 2010 жылғы 1 шілдеден бастап кемінде 10 (он) пайыз провизиялардың қалыптасуымен «күмәнді 2 санаттан», 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 20 (жиырма) пайыз провизиялардың қалыптасуымен «күмәнді 3 санаттан» жоғары болмауы тиіс (осы тармақ 2009 жылғы 1 қыркүйектен бастап берілген кредиттерге ғана таралады).

2009 жылғы 1 қыркүйекке дейін берілген кредиттер осы Ереженің 28-тармағына сәйкес жіктеледі.

2009 жылғы 1 қыркүйектен кейін берілген кредиттер, оның ішінде кредиттік желілер аясында 2009 жылғы 1 қыркүйекке дейін мақұлданған кредиттер, сондай-ақ оларды есепке алу тәртібі берешек қалдығының сомасын және заем берілген күнді анықтауға мүмкіндік бермейтін кредиттер осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес жіктеледі.

Ескерту. 28-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

2012.01.01 бастап 28-2-тармақпен толықтырылады - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4-тарау. Банктің басқа банктерге орналастырылған депозиттерін жіктеу ерекшеліктері

29. Standard & Poor`s агенттігінің А тобынан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі не Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір деңгейінен кем емес тәуелсіз рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банкінде орналастырылған (ашылған) депозит (оның ішінде корреспонденттік шот) қаражатты депозиттен, оның ішінде корреспонденттік шоттан аудару бойынша кешіктіру жоқ болған жағдайда стандартты ретінде жіктеледі.

30. Банк Standard & Poor`s агенттігінің А тобынан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетел банкінде корреспонденттік шотын ашқан жағдайда құжаттамалық расталған деректер негізінде жарты жылда бір реттен кем емес уақытта оның қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Standard & Poor`s агенттігінің А тобынан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа да рейтингтік агенттіктердің біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі бар не Қазақстан Республикасының резидент банкінде Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір позициясынан төмен тәуелсіз рейтингі бар шетел банкінде депозит орналастырған не корреспонденттік шот ашқан жағдайда банк құжаттамалық расталған деректер негізінде тоқсанына бір рет осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес аталған активті жіктейді, сондай-ақ депозит орналастырылған не корреспонденттік шот ашылған банктің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Депозит орналастырған не корреспонденттік шот ашылған банктің қаржылық жай-күйін анықтауға қажетті мониторинг болмаған жағдайда осы активтің осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес белгіленген жіктеу санаты бір санатқа төмендейді.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5-тарау. Бірыңғай кредиттерді жіктеу ерекшеліктері

31. Банктер провизияларды (резервтерді) бірыңғай кредиттер портфелі бойынша қалыптастырады. Бірыңғай кредиттер портфелі жеке тұлғалардың және

шағын бизнес субъектілерінің заемдарына ғана таралады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

32. Бір заемшыға тәуекелді бағалау күнінде негізгі борыш қалдығының жиынтық мөлшері банктерге арналған пруденциалдық нормативтер есебінің әдістемесі бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептелген банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан аспайтын кредиттері бірыңғай кредиттер портфеліне енгізіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

32-1. Бірыңғай кредиттердің портфеліне бұрын енгізілген кредиттер және осы Ереженің 32-тармағымен бір заемшыға белгіленген лимиттің асып түсуімен байланысты шығарылған кредиттер бойынша мақсатты расталуы талап етілмейді.

Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

33. Бірыңғай деп топталған кредиттерге банктің ішкі кредиттік саясатымен белгіленген талаптар бойынша ұсынылған, сонымен қатар әрбір кредиттің бір заемшыға берілетін шегінің жиынтығы осы Ереженің 32 тармағымен белгіленген мәнге сәйкес келуі керек.

34. Бірыңғайлылықты топтастырудың тәртібін, әдісін, мерзімін қосқандағы оның белгісі, сондай-ақ осындай кредиттерге қарсы провизияларды (резервтерді) жіктеу (қарсы жіктеу) және қалыптастыру (тарату) банктің ішкі кредиттік саясаты бойынша жеке ашылады.

Кредиттердің бірыңғайлылық белгісіне мыналар жатады:

з а е м ш ы т ү р і ;
к р е д и т б е р у т е х н о л о г и я с ы ;
б е р у м а қ с а т ы ;
қ а м т а м а с ы з е т у т ү р і ;
к р е д и т б е р у м е р з і м і ;

банктің ішкі кредиттік саясаты бойынша анықталған әртүрлі кредит беру бағдарламасы бойынша өзге де белгілер.

Кредиттердің бірыңғайлылық белгісіне мыналар жатпайды:
мерзімі өткен борыштардың болуы немесе болмауы;

мерзімі өткен борыштар күндерінің саны;
жеке алынған кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдер деңгейі;
мерзімін өткізулер саны.

35. Банктер кредиттердің бірыңғайлылық белгісін, сондай-ақ банктің меншікті капиталы шегінің 0,02% аспайтын бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттер мөлшерін банктің ішкі кредиттік саясатына сәйкес жеке анықтайды.

36. Кредиттер портфельге шарт бойынша бастапқыда белгіленген белгісі бойынша ғана жинақталуы тиіс. Кредиттердің кредит беру барысында пайда болған ерекшеліктері бірыңғайлылықтың белгісі болуы мүмкін емес.

36-1. Егер бұрын бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілмеген кредит бойынша, тәуекелді бағалау күнінде негізгі борыш қалдығының мөлшері банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан аспаса, онда осы кредит бірыңғай кредиттер портфеліне енгізіледі.

Ескерту. 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

37. Бір заемшыға тәуекелді бағалау күнінде негізгі борыш қалдығының жиынтық мөлшері банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан асатын кредиттері мен мөлшері банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызы шегінде болатын және банктің бірыңғай кредиттер портфеліне енгізбеген кредиттері тиісінше осы Ереженің 2-қосымшасына және (немесе) 4-қосымшасына сәйкес жіктеледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

38. Бірыңғай кредиттер портфелі бойынша провизиялар (резервтер) сомасы бірыңғай кредиттер портфелі бойынша жоғалту шегі бар тәуекелді бағалау әдістемесінің қолданылуына қатысты есептеледі.

39. Банктің бірыңғай кредиттер бойынша тәуекеліне баға беру әдістемесі жалпы алғанда жекелеген заемдардың сапасының кемуіне және мұндай заемдардың портфельден алынуына байланысты провизиялар (резервтер) мөлшерінің өсуін көздемеуі тиіс.

40. Егер бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген 60 (алпыс) және одан артық күндік мерзімі бар мерзімі өткен борыштардың мөлшері бірыңғай кредиттер портфелі бойынша нақты жасалған провизиялар (резервтер) мөлшерінен артық болса, онда банк провизияларды (резервтерді) бірыңғай кредиттер портфеліндегі тиісті мерзімі өткен борыштар үлесі мөлшерінің соңына

д е й і н

қ ұ р а д ы .

Бірыңғай кредиттер портфелінің жіктелім санаты осы Ереженің 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген провизиялардың (резервтердің) нақты қалыптасқан мөлшеріне қатысты анықталады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

41. Банк тоқсанына бір реттен кем емес аралықта бірыңғай кредиттер портфелі бойынша кредиттік досьеге портфельге жасалған талдау және оның қорытындылары туралы ақпаратты, оның ішінде банктің бірыңғай кредиттер портфелі бойынша кредиттік тәуекел мөлшері туралы тұжырымдарын, сондай-ақ провизиялардың (резервтердің) есебі туралы ақпаратты енгізеді.

Бірыңғай кредиттер портфелінің жай-күйі туралы тоқсан сайынғы талдау болмаған жағдайда бірыңғай кредиттер портфелі бойынша нақты резервте сақтау пайызы 1 (бір) пайызға өседі.

5-1-тарау. «Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамымен секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттерді жіктеу ерекшеліктері

Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

41-1. Екінші деңгейдегі банктердің күмәнді және үмітсіз талаптарын иелену мақсатында «Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) құрған арнайы қаржы компаниясымен (бұдан әрі – АҚК) бірге провизиялардың есебі және секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттерді жіктеу осы тарауға сәйкес мынадай талаптарды бір мезгілде орындаған кезде жүзеге асырылады:

1) секьюритилендіру объектілері Алматы және Астана қалаларындағы жеке құрылыс объектілерін қоспағанда, жер учаскесін кейіннен құрылыс салу, сондай-ақ жер учаскесінде тікелей жылжымайтын мүлік құрылысын салу үшін дамыту (әзірлеу) мақсатында қандай да бір жобаны қаржыландыруға пайдаланылатын заемдарды білдіретін банктік заемдар бойынша талаптардың біртектес құқықтары болып табылады.

Жер учаскесін дамытуға арналған заемдарға жер учаскесін сатып алуға, коммуникация құралдарын белгілейтін тізбені, кейіннен коммерциялық және тұрғын үй объектілерінің құрылысына қажетті объектілер мен шығындарды, құрылыс мерзімі мен шығыстар сметасын қамтитын аумақты дамыту жоспарын

қаржыландыруға бағытталған кредиттер жатады.

Жылжымайтын мүлік құрылысына арналған заемдарға жер учаскесін сатып алуға, құрылыс және жоспарда көзделген барлық қажетті инфрақұрылыммен бірге тікелей коммерциялық немесе жылжымайтын тұрғын үй объектілерінің құрылысы үшін жер учаскесін дамытуды және әзірлеуді қаржыландыруға бағытталған кредиттер жатады;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген банктік заемның заемшылары заңды тұлғалар болып табылады;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген банктік заемның қамтамасыз етілуі жер болып табылады;

4) жер учаскесінде құрылыс салу, оның ішінде жерді дамыту, коммуникация (электр жарығы, жылыту, кәріз, байланыс, көше, жол) құралдарын дайындау және орнату, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектісінің құрылысы бойынша жоспардың болуы. Жоспарды іске асыру белгіленген мерзімдерге сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады, нақты шығыстар сметасы банк, заемшы, АҚК мен Алматы және Астана қалаларының тиісті жергілікті атқарушы органдары арасында келісілген жоспарда көрсетілген есептік деректерден аспайды;

5) құрылыс бойынша шығыстарды бағалау және жер учаскесі мен тәуелсіз бағалаушы жүзеге асырған құрылыс аяқталғаннан кейінгі жылжымайтын мүлік объектісіне баға берудің болуы;

6) секьюритилендірілген кредиттерді өтеу жылжымайтын мүлік объектілерін сату немесе коммерциялық пайдалану нәтижесінде не банктің кредиттерді қайтадан сатып алуы кезінде, ал бағалы қағаздарды олардың айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша жер учаскелерін дамыту немесе жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын салу жоспарларын аяқтағаннан кейін көзделеді. Бұл ретте, екінші деңгейдегі банктер кредиттерді қайтадан сатып алған жағдайда осы тарауды ескерместен, сондай-ақ осы тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген кредиттерді өтеу мерзімдерінің және талаптарының өзгеруінен туған мерзімін ұзартуды ескерместен, осындай кредиттер осы Ережеге сәйкес жіктеледі;

7) екінші деңгейдегі банктің, Қордың және Алматы, Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен құрылған бірлескен жұмыс тобы қаланы дамыту жоспарына жерді (қала маңын) кіргізуді (аймаққа бөлуді) растайды;

8) екінші деңгейдегі банк (оригинатор) секьюритилендірілген кредиттерді кредиттік тәуекелді бермей сатады;

9) екінші деңгейдегі банк кредиттерді өтеу шараларын қосқанда, секьюритилендірілген кредиттер портфелін басқаруды жүзеге асырады;

10) секьюритилендірілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелді азайтудың төменде көрсетілген талаптарының кемінде екеуінің бір уақытта орындалуы:

кредиттің жалпы мерзімін 5 (бес) жылға ұзарту арқылы заемшының
ауыртпалығын азайту;

сыйақы ставкасын азайту, оның ішінде ертеректе есептелген немесе капиталдандырылған, бірақ төленбеген сыйақы ставкасын толық немесе ішінара азайту арқылы заемшының ауыртпалығын төмендету;

борыштың бір бөлігін заемшылардың акцияларына (капиталындағы қатысу үлесіне) айырбастау, екінші деңгейдегі банктердің есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдар мен өсімпұлдардың) есебіне жатқызу ықтималы, ал кейбір жағдайларда екінші деңгейдегі банктің ұйғаруымен осындай кредиттер бойынша провизиялар деңгейін екінші деңгейдегі банктер қалыптастырған сома шегінде заемшылар міндеттемелерінің бөлігін есептен шығару арқылы заемшының ауыртпалығын төмендету;

11) жобаны іске асыру шамасы бойынша аяқталмаған құрылыс түріндегі жылжитын мүлік, ал құрылыс аяқталған кезде пайдалануға берілген жылжымайтын мүлік объектісі екінші деңгейдегі банкке секьюритилендірілген кредит бойынша кепілге беріледі.

41-2. Мониторинг, кредиттерді мақсатты пайдаланудың осы тараудың талаптарына сәйкес келуін анықтау әдістемесі, осындай кредиттерге қарсы провизияларды (резервтерді) жіктеу (қарсы жіктеу) және қалыптастыру (тарату) рәсімі екінші деңгейдегі банктің ішкі кредиттік саясаты бойынша ашылады.

Осы кредиттердің мониторингі тоқсан сайынғы негізде екінші деңгейдегі банк пен АҚК арасында жасалған кредиттік портфельді сенімгерлік басқару шартына сәйкес жүзеге асырылады. АҚК-мен секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттер портфелі жөніндегі мониторинг жасалғаннан кейін екінші деңгейдегі банк нәтижелерін кейіннен Қорға беретін мониторингтің қорытынды есебін дайындайды.

Қор екінші деңгейдегі банктердің мониторингі жөніндегі жинақталған мәліметтерді уәкілетті органға тоқсан сайын жібереді.

Қор жер учаскесінде құрылыс салу, оның ішінде жерді дамыту, яғни коммуникация (электр жарығы, жылыту, кәріз, байланыс, көше, жол) құралдарын дайындау және орнату, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектісінің құрылысы бойынша жоспарды іске асыру мониторингін өткізуді қамтамасыз етеді.

Қор секьюритилендірілген кредиттердің сапасын бағалау және осындай кредиттер сапасын жақсарту бойынша шаралар кешенін қабылдау мақсатында мониторинг жүргізеді.

Екінші деңгейдегі банк тоқсан сайынғы негізде Қормен секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттер портфелі жөніндегі кредиттік досьеге құжаттамалық түрде ресімдеп, мыналарды: портфельге жасалынған талдау мен оның нәтижелері, оның ішінде

құрылыстың аяқталуын ескере отырып есептелген жер учаскесін және (немесе) жылжымайтын мүлік объектісінің құрылысын дамыту жоспарын уақтылы іске асыру туралы ақпаратты;

осы Ереженің 41-1-тармағында белгіленген бірыңғайлық критерийлеріне сәйкес келмейтін кредиттер туралы мәліметтерді; екінші деңгейдегі банктердің секьюритилендірілген кредиттер портфелі бойынша кредиттік тәуекелдің мөлшері туралы қорытындыларын; провизиялардың (резервтердің) есебі туралы ақпаратты енгізеді.

41-3. Екінші деңгейдегі банктер АҚК-мен секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттер портфелі провизияларының (резервтерінің) сомасын осы тарауда белгіленген барлық талаптарды сақтай отырып, секьюритилендірілген бірыңғай кредиттер портфелі көлемінің мынадай мөлшерінен:

2009 жылғы 31 желтоқсаннан бастап – 20 пайыздан;

2010 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 31 пайыздан;

2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 42 пайыздан;

2012 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 53 пайыздан;

2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 64 пайыздан;

2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 75 пайыздан кем емес;

2015 жылғы 1 қаңтардан кейін – осы Ережеде белгіленген кредиттерді жіктеудің стандартты тәртібінде есептейді.

41-4. Бірыңғайлық белгілерін, сондай-ақ осы Ереженің 41-1 және 41-2-тармақтарында белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда жер учаскесін және жылжымайтын мүлік құрылысын дамытуға берілетін заемдар АҚК-мен секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттер портфелінен шығарылады да, одан кейін осы тарауды ескерместен, сондай-ақ осы Ереженің 41-1-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген кредиттерді өтеу мерзімдерінің және талаптарының өзгеруінен туған мерзімін ұзартуды ескерместен, осы Ережеге сәйкес жіктеледі.

6-тарау. Дебиторлық берешекті жіктеу ерекшеліктері

42. Барлық дебиторлық берешек жіктелуге жатады. Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша берешектерді қоспағанда өтеу мерзімі үш айдан асатын дебиторлық берешек осы Ережеде кредиттерді жіктеу үшін белгіленген критерийлер бойынша жіктеледі.

Дебиторлық берешекті өтеу мерзімін куәландыратын құжаттармен расталмаған дебиторлық берешек пайда болған жағдайда осы дебиторлық берешек пайда болған сәттен бастап он күнтізбелік күн аяқталған соң мерзімі

өткен деп есептеледі және осы Ереженің талаптарына сәйкес жіктелуге жатқызылады.

43. Дебиторлық берешекті өтеу кешіктірілген жағдайда осы актив осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес жіктеледі.

44. Егер бір дебиторға есептелетін дебиторлық берешек банктің меншік капиталының 5 (бес) проценттен астамын құраса, онда банк дебиторлық берешек құралған сәттен бастап, құжатпен расталған деректер негізінде дебитордың қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізеді.

Дебитордың қаржылық жағдайына мониторинг болмаған жағдайда осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес анықталған осы активтің жіктеу санаты бір санатқа төмендейді.

7-тарау. Банктердің шартты міндеттемелерін жіктеу ерекшеліктері

45. Жіктеуге клиент үшін банк үшінші тұлғалардың пайдасына қабылдаған және жабу үшін ақша түріндегі және банктің тиісті бухгалтерлік шоттарында көрсетілген міндеттемелерден басқа шарт талаптарынан пайда болатын клиенттің алып жүретін кредиттік тәуекелдері жатады.

46. Шартты міндеттемелерді жіктеу банк пен оның клиенті арасында шарттар жасалған сәттен бастап жүргізілуі тиіс.

47. Шартты міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу кешіктірілмеген және оның тапсырмасы бойынша банк шартты міндеттеме ашқан тұлғаның тұрақты қаржылық жағдайы болған жағдайда, шартты міндеттеме стандартты деп есептеледі. Осы клиенттің қаржылық жағдайы нашарлаған және/немесе сыйақы төлеу кешіктірілген кезде шартты міндеттеме осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес жіктеледі.

48. Банк шарт талаптарынан туындайтын өз міндеттемелерін орындау кезінде туындайтын талаптар, егер шартта оны кредитке қайта ресімдеу көзделмесе, міндеттемелер сомасына дебиторлық берешек қайта ресімделеді. Осындай дебиторлық берешек осы Ережеде кредитті жіктеу үшін белгіленген критерийлер бойынша осы Ереженің 2 қосымшасына сай жіктеледі.

49. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7-1-тарау. Секьюритилендірілген активтерді жіктеу ерекшеліктері

Ескерту. 7-1-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

49-1. Банкте секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы бар болғанда, банк активтерді жіктеуді осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүзеге асырады.

49-2. Банкте секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы жоқ болғанда, банк:

- 1) жіктелген секьюритилендірілген активтерге провизияларды құрайды;
- 2) активтерді жіктеуді осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүзеге асырады.

7-2-тарау. Бағалы қағаздарды жіктеу ерекшеліктері

Ескерту. 7-2-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

49-3. Құнсыздануға арналған тестілерге осы Ереженің 9 және 10-тармақтарында көрсетілген бағалы қағаздарды және пайда мен шығын арқылы әділ құны ескерілген бағалы қағаздарды қоспағанда, банктің бағалы қағаздар портфеліндегі бағалы қағаздары жатады.

Пайда мен шығын арқылы әділ құны ескерілген бағалы қағаздар бойынша банктер осы Ереженің 49-4, 49-5 және 49-6-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес есептелген мөлшерде құнының азаюын жүргізуі тиіс.

49-4. Бағалы қағаздардың құнсыздануына (құнының азаюы кезінде) арналған тестімен мынадай құнсыздануын тану критерийлері айқындалады:

- 1) эмитенттің қаржылық ахуалы;
- 2) кез келген төлемді өтеу мерзімін ұзарту;
- 3) кепілдіктің болуы;
- 4) белсенді нарықтың болуы;
- 5) эмитент рейтингінің болуы;

6) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) қаулысында белгіленген қор биржасы тізімінің санаттары бойынша енгізу;

- 7) бағалы қағаздар рейтингінің болуы;

8) өзге де критерийлер.

Акциялардың құнсыздануына (құнының азаюы кезінде) жүргізілетін тест кезінде осы тармақтың 1), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануына (құнының азаюы кезінде) жүргізілетін тест кезінде осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Әрбір критерий бойынша осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Балл сомалары бағалы қағаздардың жіктелген санатын анықтау кезінде пайдаланылады. Актив бойынша жиналған баллдардың санына қарай оны жіктеу санаты және осы Ереженің 1-қосымшасының 6-кестесіне сәйкес қажетті провизиялар (резервтер) (кері түзету) мөлшері белгіленеді.

49-5. Эмитенттің қаржылық ахуалы банкті басқару органы бекіткен, осы Ереженің талаптарын ескере отырып, банктің ішкі ережелерінің ажырамас толықтыруы болып табылатын әдістемеге (әдістемелерге) (бұдан әрі – Бағалы қағаздар жөніндегі әдістеме) сәйкес бағаланады және қаржылық ахуалды бағалау тәртібін, әдісін, тәсілдерін, қажетті құжаттардың тізбесін және эмитенттің қаржылық ахуалын айқындауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты қамтиды.

Бағалы қағаздар жөніндегі әдістемеді эмитенттің қаржылық ахуалын сипаттайтын мынадай негізгі көрсеткіштер болуы тиіс:

1) төлем қабілеттілігі Бағалы қағаздар жөніндегі әдістемеді белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығынан шыға отырып есептелген өз міндеттемелері бойынша эмитенттің қызмет көрсету қабілетін ашады;

2) қаржылық тұрақтылығы Бағалы қағаздар жөніндегі әдістемеді белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығынан шыға отырып есептелген капитал құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылдың динамикасы бойынша), рентабельділігін (динамикасы бойынша) ашады;

3) эмитенттің өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін қабылдайтын шаралары.

49-6. Эмитенттің қаржылық ахуалы былай жіктеледі:

1) тұрақты - эмитенттің қаржылық ахуалы тұрақты: эмитент төлеуге қабілетті;

коэффициенттер мәні Бағалы қағаздар жөніндегі әдістемеге сәйкес жалпыға ортақ нормалар шегінде есептелген;

бизнестің дамуына жағымды нарықтық жағдайлары, сондай-ақ нарықта жақсы бәсекелестік позициясы бар;

ресурстарға және капитал нарығына еркін қол жетімділігі бар, бағалы қағаздар шығарылымының мерзімі кезінде эмитенттің қаржылық ахуалын барынша нашарлатуға қабілетті ішкі және сыртқы факторлар анықталмаған;

эмитенттің өз міндеттемесі бойынша есеп айырысуға мүмкіндігінің болуы
к ү м ә н т у ғ ы з б а й д ы ;

эмитенттің активтері мен міндеттемелері мерзімдері бойынша шамалас;

2) қанағаттанарлық – осы санаттағы эмитенттің қаржылық ахуалы «тұрақты» сипаттамасына жақын, алайда, оның осы деңгейде ұзақ уақыт бойына ұстап тұру ықтималдылығы төмен болып табылады;

3) тұрақсыз - эмитент өз міндеттемелері бойынша мынадай факторлардың салдарынан есеп айырыса алмайды деген белгілі бір ықтималдық бар: эмитенттің қаржылық ахуалының үнемі және елеулі нашарлау белгілері бар (эмитент қабылдаған шаралардың қаржылық ахуалды тұрақтандыру үшін тиімді болатыны сенім туғызбайды);

төтенше жағдайлар, сондай-ақ эмитентке материалдық залал келтірген, бірақ оның қызметін тоқтатуға әкелмеген өзге де жағдайлар орын алған;

4) өте қиын - эмитенттің қаржылық ахуалының тұрақты түрде нашарлауы мынадай жоғарғы деңгейге жетті:

эмитенттің төлемге қабілетсіздігі, қайта құрылымдау, банкроттық немесе қайта ұйымдастыру ықтималы;

шарт талаптарын бұзуы (пайыз төлемін немесе негізгі борыш сомасын төлемеу немесе мерзімдерін кешіктіру);

қағаз ұстаушылардың эмитентке басқа жағдайларда берілмейтін жеңілдік б е р у і ;

эмитентке материалдық залал келтірген және (немесе) оған өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың орын алуы.

Барлық жоғарыда санамаланған жағдайларды басқа да қол жетімді деректермен бірге қарастырған жөн.

8-тарау. Провизиялардың (ревизиялардың)

қажетті мөлшерін анықтау

50. Банктер осы Ережеге сәйкес барлық қажетті провизиялар (резервтер) мөлшерін есептейді және оны толық көлемде уәкілетті органға ұсынатын тиісті реттеушілік есептілікте көрсетеді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

51. Банктің жіктелген активтері мен шартты міндеттемелері бойынша провизиялардың (резервтердің) қажетті мөлшері ол (олар) бойынша осындай қамтамасыз ету болған жағдайда жоғары өтімді қамтамасыз ету құнына кемілген негізгі борыш (талап ету) сомасы бойынша есептеледі. Жоғары өтімді

қамтамасыз ету тізбесі осы Ереженің 2 қосымшасының 9-тармағының 1) тармақшасымен белгіленген.

51-1. Бағалы қағаздар бойынша провизиялар (кері түзету) қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес анықталған бағалы қағаздардың баланстық құны бойынша есептеледі.

Ескерту. 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

52. Жіктелген активтер мен шартты міндеттемелерді, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес провизиялардың (резервтердің) талап етілетін мөлшеріне қажетті өзгерістерді банк айдың ең соңғы жұмыс күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен артық емес кезеңде ай сайын жасалады.

Бірыңғай кредиттер портфелі бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшерін, оның ішінде портфельдің құрамы мен оның шегін нақтылауға байланысты реттеу тоқсанның ең соңғы жұмыс күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен артық емес кезеңде тоқсан сайын жасалады.

53. Заемшының (дебитордың) қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның әкімшілік-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдерді және ол алған міндеттемелердің орындалу перспективаларын талдау нәтижелері бойынша банктің басқарушы органы бекіткен ішкі ережелерге сәйкес мөлшердегі бөлінбеген кіріс есебінен бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттерді қоспағанда банк стандартты активтер мен шартты міндеттемелер бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастыра алады.

54. Уәкілетті орган банктерді тексеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ тексеру барысында провизиялардың (резервтердің) деңгейін көтеруді талап ете алады. Уәкілетті орган банктер ұсынған кешенді тексерулер қорытындысы бойынша провизиялардың (резервтердің) деңгейін көтеруді талап ете алады. Уәкілетті орган белгілеген провизиялардың (резервтердің) көлемін активтер мен шартты міндеттемелердің мөлшеріне қатыссыз әрбір есепті күнге жасау қажет. Арнайы резервтерді қалыптастыру қажеттігі болмаған жағдайда нормативтерді орындау жалпы провизияларды (резервтерді) қалыптастыру есебінен қамтамасыз етілуі қажет.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

55. Уәкілетті орган банктер ұсынған активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы есепті түзетуді талап ете алады. Мұндайда уәкілетті орган банкті тиісті есеп беруді түзету қажеттігі туралы жазбаша хабардар етеді. Банк хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде активтерді және

шартты міндеттемелерді жіктеу туралы есептерді қосқанда немесе уәкілетті органның талаптарымен келіспеген жағдайда банк жазбаша түсініктеме ұсынады, уәкілетті орган осыларды қарау нәтижелері бойынша банктердің белгіленген мерзімде орындауы міндетті есеп беруін түзетудің қажеттілігіне қатысты түпкілікті шешім қабылдайды.

5 6 . < * >

Ескерту. 56-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

9-тарау. Қорытынды ережелер

57. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес шешіледі.

2006 жылғы 25 желтоқсандағы

N 296 қаулысымен бекітілген

Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.07.18. N 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

N 1 кесте

Банкаралық кредиттерді (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ұсынылған) жіктеу және банктерінің оларға қарсы

200__жылғы "____" _____ провизиялар құруы

Б а н к

мың теңге

Жіктемеге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыш сомасының барлығы	оның ішінде кредиттер бойынша негізгі борыш сомасы (қаржылық лизингті қоспағанда)	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-те)
	1	2	2-1	3
1. Стандартты				

2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				5
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				10
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				20
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				25
5) күмәнді 5 санат				50
3. үмітсіз				100
барлығы \				
(1 + 2 + 3)				

кестенің жалғасы

Нақты құрылған провизиялар сомасының барлығы	оның ішінде 2-бағанда көрсетілген кредиттер бойынша құрылған провизиялар сомасы	Қамтамасыз ету құны	
		Жиынтығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі
4	5	6	7

Т ө р а ғ а
Бас бухгалтер

Мөр орны

О р ы н д а у ш ы

телефон:

2-кесте

**Басқа заңды тұлғаларға ұсынылған кредиттерді¹
(бірыңғай топқа енгізілген кредиттерді қоспағанда)
жіктеу және банктерінің оларға қарсы**

200__жылғы "____" _____ провизиялар құруы

Банк _____ мың теңге

Жіктемеге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыш сомасының барлығы	оның ішінде кредиттер бойынша негізгі борыш сомасы (қаржылық лизингті қоспағанда)	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-те)
	1	2	2-1	3
1. Стандартты				
2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				5
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлеме-ген кезде				10
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				20
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлеме-ген кезде				25
5) күмәнді 5 санат				50

3. үмітсіз				100
барлығы (1 + 2 + 3)				

кестенің жалғасы

Нақты құрылған провизиялар сомасының барлығы	оның ішінде 2-бағанда көрсетілген кредиттер бойынша құрылған провизиялар сомасы	Қамтамасыз ету құны	
		Жиынтығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі
4	5	6	7

Т ө р а ғ а

Бас бухгалтер

М ө р о р н ы

О р ы н д а у ш ы

т е л е ф о н :

¹ Осы қосымшаның 1-кестесінде атап өтілмеген кредиттер көрсетіледі

3-кесте

**Жеке тұлғаларға ұсынылған кредиттерді
(бірыңғай топқа енгізілген кредиттерді қоспағанда)
жіктеу және банктерінің оларға қарсы
200__жылғы "___" _____ провизиялар құруы**

Б а н к

 мың теңге

Жіктемеге сәйкес кредиттер тобы	Негіз-гі борыш сомасының барлығы	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасы. на н провизиялардың мөлшері (%-те)	Нақты құрылған провизиялар сомасының барлығы	оның ішінде 2-бағ. анда көрсе. тілген кредит. тер бойынша құрыл. ған прови. зиялар сомасы	Қамтамасыз ету құны	
						Жиын. тығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі

	1	1-1	3	4	5	6	7
1. Стандартты							
2. Күмәнді:							
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уактылы және толық төлеген кезде			5				
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			10				
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уактылы және толық төлеген кезде			20				
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			25				
5) күмәнді 5 санат			50				
3. үмітсіз			100				
барлығы (1 + 2 + 3)							

Т ө р а ғ а

Бас бухгалтер

Мөр орны

О р ы н д а у ш ы

телефон:

4-кесте

**Заңды тұлғаларға ұсынылған бірыңғай кредиттерді
жіктеу және банктерінің оларға қарсы**

200__жылғы "___" _____ провизиялар құруы

Банк _____ мың теңге

Жіктемеге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыш сомасы. ның барлығы	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизия. лардың мөлшері (%-те)	Нақты құрылған провизия. лар сомасының барлығы	Қамтамасыз ету құны	
					Жиынтығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі
	1	1-1	2	3	4	5
1. Стандартты						
2. Күмәнді:						

1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			0,01-5			
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			5,01-10			
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			10,01-20			
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			20,01-25			
5) күмәнді 5 санат			25,01-50			
3. үмітсіз			50,01-100			
барлығы (1 + 2 + 3)						

Т ө р а ғ а

Бас бухгалтер

Мөр орны

О р ы н д а у ш ы

телефон:

5-кесте

**Жеке тұлғаларға ұсынылған бірыңғай кредиттерді
жіктеу және банктерінің оларға қарсы**

200__жылғы "____" _____ провизиялар құруы

Банк _____ мың теңге

Жіктемеге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыш сомасы. ның барлығы	Есеп-телген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизия. лардың мөлшері (%-те)	Нақты құрылған провизия. лар сома. сының барлығы	Қамтамасыз ету құны	
					Жиынтығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі
	1	1-1	2	3	4	5
1. Стандартты						
2. Күмәнді:						
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			0,01-5			

2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			5,01-10			
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			10,01-20			
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			20,01-25			
5) күмәнді 5 санат			25,01-50			
3. үмітсіз			50,01-100			
барлығы (1 + 2 + 3)						

Т ө р а ғ а

Бас бухгалтер

Мөр орны

О р ы н д а у ш ы

телефон:

6-кесте

**Бағалы қағаздарды жіктеу және
банктерінің оларға қарсы**

200__жылғы " __ " _____ провизиялар құруы

Банк _____ мың теңге

Жіктемеге сәйкес бағалы қағаздар тобы	Құны	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес баланстық құннан провизиялардың (кері түзетудің) мөлшері (пайызбен)	Нақты құрылған провизиялар (сомасының барлығы)
	1	1-1	2	3
1. Стандартты				
2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			15	
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			30	
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			45	
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			60	

5) күмәнді 5 санат			75	
3. Үмітсіз			100	
барлығы (1 + 2 + 3)				

Т ө р а ғ а

Бас бухгалтер

О р ы н д а у ш ы

телефон:

М ө р о р н ы

7-кесте

**Депозиттерді жіктеу және банктерінің оларға қарсы
200__жылғы "___" _____ провизиялар құруы**

Банк _____ мың теңге

Жіктемеге сәйкес депозиттер тобы	Депозиттер бойынша негізгі бөліктерінің жалпы сомасы салық салу мақсатында	оның ішінде депозит бойынша негізгі борыш сомасы салық салу мақсатында	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-те)	Нақты құрылған провизиялар	оның ішінде 2-бағанда көрсетілген кредиттер бойынша құрылған провизиялар сомасы
	1	2	2-1	3	4	5
1. Стандартты						
2. Күмәнді:						
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде		5				
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде		10				
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде		20				
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде		25				
5) күмәнді 5 санат		50				
3. үмітсіз		100				
барлығы (1 + 2 + 3)						

Бас бухгалтер

Мөр орны

О р ы н д а у ш ы

телефон:

8-кесте

Дебиторлық берешекті жіктеу және**200_жылғы "___" _____ провизиялар құруы**

Банк _____

мың теңге

Жіктемеге сәйкес дебиторлық берешек тобы	Дебиторлық берешек бойынша негізгі борыш сомасының барлығы	оның ішінде құжаттамалық есептеме және салық салу мақсатындағы кепілдіктер бойынша деби. торлық бере. шектің сомасы	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-те)
	1	2	2-1	3
1.Стандартты				
2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уактылы және толық төлеген кезде				5
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				10
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уактылы және толық төлеген кезде				20
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				25
5) күмәнді 5 санат				50
3. үмітсіз				100
барлығы (1 + 2 + 3)				

кестенің жалғасы

Нақты құрылған провизиялар сомасының барлығы	оның ішінде 2-бағанда көрсетілген шартты міндеттеме. лер бойынша құрылған провизиялар сомасы	Қамтамасыз ету құны	
		Жиынтығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі
4	5	6	7

Т ө р а ғ а

Бас бухгалтер

О р ы н д а у ш ы

телефон:

Мөр орны

9-кесте

Шартты міндеттемелерді жіктеу және

200__жылғы "___" _____ провизиялар құруы

Банк _____

мың теңге

Жіктемеге сәйкес шартты міндеттемелер тобы	Шартты міндетте негізгі берешек сомасы	оның ішінде шығарылған немесе кепілдікпен расталған жабылмаған аккредитивтер бойынша шартты міндеттемелердің сомасы	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-те)
	1	2	2-1	3
1. Стандартты				
2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				5
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				10
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				20
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				25
5) күмәнді 5 санат				50
3. үмітсіз				100
барлығы (1 + 2 + 3)				

кестенің жалғасы

	оның ішінде 2-бағанда көрсетілген шартты мін.	Қамтамасыз ету құны

Нақты құрылған провизиялар сомасының барлығы	деттемелер бойынша құрылған провизиялар сомасы	Жиынтығы	Оның ішінде жоғары өтімдісі
4	5	6	7

Т ө р а ғ а

Б а с б у х г а л т е р

М ө р о р н ы

О р ы н д а у ш ы

телефон:

10-кесте

**200 жылғы " " _____ банкте секьюритилендірудің
шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша
растамасы бар болғанда, секьюритилендірілген активтерді
жіктеу**

Банк _____

мың теңге

Жіктеуге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыштың барлық сомасы	Есептелген сыйақы сомасы	Қамтамасыз ету құны	
			Жиынтығы	оның ішінде жоғары өтімдісі
	1	2	3	4
1. Стандартты				
2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдер- ді уақтылы және толық төлеген кезде				
2) күмәнді 2 санат - төлемдер- ді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				
3) күмәнді 3 санат - төлемдер- ді уақтылы және толық төлеген кезде				
4) күмәнді 4 санат - төлемдер- ді кешіктірген				

немесе толық кезде	төлемдерді төлемеген				
5) күмәнді санат	5				
3. Үмітсіз					
барлығы (1 + 2 + 3)					

Т ө р а ғ а

М ө р

о р н ы

Б а с

б у х г а л т е р

О р ы н д а у ш ы

телефон:

11-кесте

**200__жылғы "____"_____ банкте олар бойынша
секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті
органның жазбаша растамасы жоқ секьюритилендірілген
активтерді жіктеу**

Банк

мың теңге

Жіктеуге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыштың барлық сомасы	Есептел- г е н сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-да)	Нақты құрылған прови- зиялар сомасы- н ы ң барлығы	Қамтамасыз ету құны	
					Жиынтығы	о н ы ң і ш і н д е ж о ғ а р ы ө т і м д і с і
	1	2	3	4	5	6
1. Стан- дартты						
2. Күмәнді:						
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			5			
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			10			

3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде			20			
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде			25			
5) күмәнді 5 санат			50			
3. Үмітсіз			100			
барлығы (1 + 2 + 3)						

Т ө р а ғ а

М ө р

Б а с

О р ы н д а у ш ы

телефон:

о р н ы

б у х г а л т е р

2006 жылғы 25 желтоқсандағы

N 296 қаулысымен бекітілген

"Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға

қ а р с ы

п р о в и з и я л а р

(резервтер)

қ ұ р у

е р е ж е с і н е

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), өзгерту енгізілді 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

Активтерді және шартты міндеттемелерді жіктеу

1-кесте

N	Критерийлер	Баллдар
1.	Қаржылық ахуал	
1)	тұрақты	0
2)	қанағаттанарлық	+1

3)	қанағаттанғысыз			+2
4)	тұрақсыз			+3
5)	өте қиын			+4
2.	Жіктелетін актив бойынша кез келген төлемдерді өтеу мерзімінің кешігуі			
1)	кредит бойынша	салымдар (депозиттер) және шартты міндеттемелер бойынша	дебиторлық берешек бойынша	
	соңғы он екі айда жіктелетін актив бойынша төлемдерді өтеудегі мерзімнің кешігуінің болмауы			-1
	соңғы он екі айда ағымдағы күнге дейін төлемдердің мерзімін өткізуі бар болған және төлемдерді төлеу мерзімі әлі болмаған заемдар			0
2)	15-30 күн	7 күнге дейін	14 күнге дейін	+1.5
3)	31-60 күн	7 күннен 15 күнге дейін	14 күннен 30 күнге дейін	+2.5
4)	61-90 күн	15 күннен 30 күнге дейін	30 күннен 60 күнге дейін	+3.5
5)	90 күннен астам	30 күннен астам	60 күннен астам	+4.5
3.	Қамтамасыз ету сапасы			
1)	сенімді			-3
2)	жақсы			-2
3)	қанағаттанарлық			0
4)	қанағаттанғысыз			+1
5)	қамтамасыз етілмеген			+2
4.	Активті мақсатсыз пайдалану үлесі, пайызбен			
1)	25 пайызға дейін			0
2)	25 пайыздан астам			1
3)	50 пайыздан астам			2
4)	75 пайыздан астам			3
5)	100 пайыз			4
5.	Заемшыда (борышкерде) рейтингтің болуы			
1)	"А" және жоғары			-3
2)	Қазақстан Республикасының рейтингінен жоғары – "А"-ға дейін			-2
3)	Қазақстан Республикасының рейтингі деңгейінде			-1
4)	Қазақстан Республикасының рейтингінен төмен және рейтингісі жоқ			0
Жиынтығы:				

Кестені толтыру бойынша ереже мынадай редакцияда жазылсын:

1. Кредиттерді жіктеу кезінде осы кестенің 1-5-тармақтарында көзделген барлық критерийлер, мыналарды қоспағанда пайдаланылады: бірыңғай кредиттер тобына енген кредиттер, оларды жіктеген кезде банктің ішкі әдістемесімен белгіленген критерийлер пайдаланылады; бірыңғай кредиттер тобына жатқызылмаған айналымдағы капиталға берілген кредиттер, оларды жіктеген кезде осы кестенің 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көзделген критерийлер пайдаланылады.

2. Депозиттерді жіктеу кезінде осы кестенің 1, 2 және 5-тармақтарында

көзделген критерийлер пайдаланылады.

3. Дебиторлық берешекті жіктеу кезінде осы кестенің 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген критерийлер пайдаланылады.

Осы кестенің 1-тармағында көзделген дебиторлық берешекке қатысты критерий, егер бір дебиторға есептегі берешек банктің меншікті капиталының 5 пайызынан астамын құраған жағдайда пайдаланылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Шартты міндеттемелерді жіктеу кезінде осы кестенің 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген критерийлер пайдаланылады.

5 . Е г е р :

1) заемшы (борышкер, тең заемшы) оффшорлық аймақта тіркелген тұлға б о л ы п т а б ы л с а ;

2) заемшының (борышкердің, тең заемшының) дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің елу және одан астам пайызы тікелей оффшорлық аймақта тіркелген тұлғаларға тәуелді болса;

3) оффшорлық аймақта тіркелген өзге тұлғалар заемшының (борышкердің, тең заемшының) шешімін шарт күшімен немесе өзге де тәсілмен анықтаса, онда осы кестенің 5-тармағы қолданылмайды.

Оффшорлық аймақтардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы» 2008 жылғы 2 қазандағы № 145 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5371 тіркелген) қаулысымен бекітілді.

Активті жіктеу санаты осы активті осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген критерийлер бойынша бағалау нәтижелері бойынша анықталады. Актив бойынша жиналған баллдардың санына қарай оны жіктеу санаты және осы қосымшаның 2-кестесіне сәйкес қажетті провизиялар (резервтер) мөлшері б е л г і л е н е д і .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. Заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалы банкті басқару органы бекіткен әдістемеге (әдістемелерге) сәйкес (бұдан әрі - Әдістеме) бағаланады және банктің ішкі ережесінің ажырамас толықтыруы болып

т а б ы л а д ы .

Әдістемені банк осы Ереженің талаптарын есепке ала отырып өз бетінше әзірлейді және қаржылық ахуалды бағалау тәртібін, әдісін, жиілігін (шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын жеке тұлғаларға берілетін заемдарды қоспағанда, әдетте тоқсанына кемінде бір рет, өйткені шағын кәсіпкерлік субъектілері және кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын жеке тұлғалар бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу талаптарына сәйкес мониторинг өткізудің басқа кезеңділігі енгізілген), бағалау тәсілдерін, қажетті құжаттардың тізбесін және заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалын айқындауға мүмкіндік беретін өзге де а қ п а р а т т ы қ а м т у ы т и і с .

Әдістемеде саланың ерекшеліктері, өндірістің маусымдылығы (циклдығы), заемшының (борышкердің, тең заемшының) қызмет саласы ескеріліп, есептелумен шектелмей, мынадай негізгі көрсеткіштер болуы тиіс:

1) төлем қабілеттілігі - заемшы (борышкер, тең заемшы) банк Әдістемесімен белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығынан шыға отырып банк есептеген өз міндеттемелері бойынша қызмет көрсету қабілетін ашады;

2) қаржылық тұрақтылық - банк Әдістемесімен белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығынан шыға отырып банк есептеген, заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін капитал құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылдың серпінінен), рентабелділігін (серпінділігінде), мерзімі өткен борыштардың жоқтығын (болуын), заемшының (борышкердің, тең заемшының) капитал рыногына қолжетімділігін, басқа елеулі ақпараттың болуын ашады;

3) борышқа қызмет көрсету қабілеті, ақша ағыны қозғалысын болжау;

4) дебиторлық-кредиттік берешектің құрамы мен серпіні (соңғы есептік және а ғ ы м д а ғ ы ж ы л д а р) ;

5) өнімнің өзіндік құны (серпінді);

6) кредиттік тарих (өткендегі кредиттік берешектерді өтеу, қазіргі қолданыстағы кредиттердің қолда бары);

7) заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржы топтары мен холдингтерге қ а т ы с т ы л ы ғ ы ;

8) бір (бірнеше) жеткізушілер және (немесе) тапсырыс берушілерге тәуелділік ;

9) заемшы (борышкер, тең заемшы) өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін қ а б ы л д а й т ы н ш а р а л а р ы ;

10) заемшы (борышкер, тең заемшы) өзінің қаржылық ахуалын нашарлататын с о т т а л қ ы л а у л а р ы н а т а р т ы л у ы ;

11) заемшының (борышкердің, тең заемшының) нарықтық позициясын, оның экономикадағы циклдық және құрылымдық өзгерістерге тәуелділігі (саланың түрі, заемшы (борышкер, тең заемшы) дайындайтын (ұсынатын) тауарлардың (қызметтердің) тартымдылығын бағалау; мұндай тауарлардың (қызметтердің) рыногы, заемшы (борышкер, тең заемшы) қызметі саласындағы бәсекелестік деңгейі, нақты рыноктағы қызметінің ұзақтығы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заемшы (борышкер, тең заемшы) – заңды тұлғаның, жеке тұлғаның қаржылық ахуалы былай жіктеледі:

1) тұрақты - заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалы тұрақты; заемшының (борышкердің, тең заемшының) төлем қабілеті бар; қаржы ағындары борышқа қызмет көрсетуге мүмкіндік береді; Әдістемеге сәйкес есептелген коэффиценттердің қолайлы мәні; бизнесті дамытуға оң нарықтық жағдайлар бар, нарықта жақсы бәсеке позициясы бар; ресурстар мен капитал нарығына еркін қол жеткізеді, жеткізушілердің шектелген санынан тәуелділігі жоқ, шарттың қолданылу мерзімі кезінде заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалын елеулі нашарлатуға қабілетті ішкі және сыртқы факторлар анықталған жоқ; заемшының (борышкердің, тең заемшының) банкпен өзінің міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігі күмән тудырмайды; мерзімі бойынша заемшының (борышкердің, тең заемшының) активтері мен міндеттемелері шамалас; заемшы (борышкер, тең заемшы) оң кредиттік тарихқа ие ;

2) қанағаттанарлық - "тұрақты" сипаттамасына жақын осы санаттағы заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалы, бірақ, оның осы деңгейде ұзақ уақыт бойына ұстап тұру ықтималдылығы төмен болып табылады; кірістердің, төлем қабілеттілігі деңгейінің төмендеуі байқалды; динамикада ақша ағындарының елеусіз азаюы байқалды, ақша ағындары борыштың негізгі бөлігін жабуға мүмкіндік береді; заемшы (борышкер, тең заемшы) өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін шаралар қабылдайды; жеткізушінің тауарларын, қызмет көрсетулерін және заемшы (борышкер, тең заемшы) өнімдерін тұтынушылардың шоғырлануының ең төменгі тәуекелі бар; заемшының (борышкердің, тең заемшының) қосымша ресурстарға қол жетімділігі бар болуына байланысты банкпен өз міндеттемелері бойынша есеп айырысуға мүмкіндігі күмән туғызбайды; тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде

бір мерзімін ұзарту бар ;

3) қанағаттанғысыз – заемшы (борышкер, тең заемшы) өз міндеттемелері бойынша төмендегідей факторлар ішінен біреуі болғанда банкпен есептесе алмайды деген белгілі бір ықтималдылық бар: заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалының тұрақты және елеулі нашарлау белгілері бар; алдыңғы кезеңдегі шығындардың өсу серпінділігі кемінде он екі айды қ ұ р а й д ы ;

Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің қолайсыз мәні, төлем қабілеттілігінің төменгі деңгейі, заем қаражатынан тәуелділіктің басымдығы; заемшының (борышкердің, тең заемшының) кері меншікті капиталы бар; нарықтық үлестің тұрақты кемуі, заемшы (борышкер, тең заемшы) қабылдайтын шаралардың қаржылық ахуалды тұрақтандыратын тиімділігіне сенімділік жоқ ;

заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) заемды заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалының нашарлауымен байланысты бұрын берілген заемды өтеу мақсатында ұсыну;

заемшыда (борышкерде, тең заемшыда) мерзімі ұзартылған міндеттеме және (немесе) шығынға жазылған борыштар (кредиттік бюродан анықтамамен расталған, басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары бар (N 2 картотека)). Егер, тәуекелдің бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша заем сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюродан жыл сайынғы анықтамамен расталу жөніндегі талап жеке тұлғаларға берілген кредиттерге таралмайды;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде екі мерзімін ұ з а р т у бар ;

4) тұрақсыз – осы санаттағы заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалы мынадай факторлардың бірімен "қанағаттанғысыз" санатынан е р е к ш е л е н е д і :

заемшыда (борышкерде, тең заемшыда) Әдістемемен анықталған барлық көрсеткіштер б ұ з ы л ғ а н ;

заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) 1 жылдан астам емес мерзімде санация жарияланған ;

төтенше жағдайлар, сондай-ақ заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) материалдық зиян шектірген, бірақ оның қызметін тоқтатпаған өзге жағдайлар

б а р ;

заемшыда (борышкерде, тең заемшыда) мерзімі ұзартылған міндеттеме және (немесе) шығынға жазылған борыштар (кредиттік бюродан анықтамамен расталған, басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары бар (N 2 картотека)). Егер, тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша заем сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюродан анықтамамен расталу жөніндегі талап жеке тұлғаларға берілген кредиттерге таралмайды;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде үш мерзімін ұзарту бар;

5) өте қиын - заемшы (борышкер, тең заемшы) өз міндеттемелері бойынша мынадай факторлар ішінен біреуі болғандықтан банкпен есептесе алмайды деген толық ықтималдылық бар;

заемшы (борышкер, тең заемшы) төлемге қабілетсіз; заемшыға (борышкер, тең заемшыға) 1 жылдан астам мерзімге санация жарияланды;

заемшы (борышкер, тең заемшы) банкрот деп танылды; заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) материалдық зиян шектірген және/немесе оның өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін, нарықтық позициясын жоғалту сияқты төтенше жағдайлар бар;

заемшы (борышкер, тең заемшы) қызметті жүргізбейді, оның қызметінің нәтижесін көрсететін кассада және ағымдағы банктік шоттары бойынша ақша қаражатының айналымы жоқ (заем қаражатын және қаржылық көмекті пайдаланумен байланысты айналымдарды қоспағанда);

Әдістемеге сәйкес банктің уәкілетті бөлімшесі жасаған заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық (оның ішінде басқару) есептілігінің көрсеткіштерінде және (немесе) заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалын талдау бойынша қорытындыда елеулі айырмашылықтар бар, заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық (оның ішінде басқару) есептілігінде елеулі айырма бар және жалпы заемшының (борышкердің, тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалаудың сенімділігіне және оны есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіштер күмән туғызады;

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу талаптарына сәйкес кредиттік мониторинг бойынша құжаттама жоқ;

кредиттеудің барлық мерзімі ішінде төрт және одан астам мерзімін ұзарту бар

Кредитті жіктеу санаты кредит: оффшорлық аймақта тіркелген заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) берілсе не заемшының (борышкердің, тең заемшының) дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің елу және одан астам пайызы тікелей оффшорлық аймақта тіркелген тұлғаларға тәуелді болса; оффшорлық аймақта тіркелген өзге тұлғалар шарт күшімен немесе өзге де тәсілмен шешімін анықтайтын заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) берілген жағдайда, басынан бастап «үмітсіз» деп анықталады.

2010 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген кредиттер бойынша, осы тармақтың үшінші бөлігінің талабы 2010 жылғы 1 сәуірден бастап қолданылады.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап берілуі жүзеге асырылған кредиттерге, оның ішінде 2010 жылғы 1 қаңтарға дейін мақұлданған кредиттік желілердің аясында берілген кредиттерге осы тармақтың үшінші бөлігінің талабы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Кредитті жіктеу санаты кредит оффшорлық аймақта тіркелген тұлға болып табылатын не оффшорлық аймақта тіркелген тұлғаға қатынасы бойынша тәуелді немесе еншілес заемшыға (борышкерге, тең заемшыға) кредит берілген жағдайда, "үмітсіз" деп анықталады. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы" 2008 жылғы 2 қазандағы N 145 қаулысымен оффшорлық аймақтар тізбесі бекітілді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5371 тіркелген) (бұдан әрі - Оффшорлық зоналар тізбесі). Осы талап көрсетілген кредиттер бойынша жоғары өтімді қамтамасыз ету бар болған жағдайда, қолданылмайды. Осы жағдайда жіктеу осы Ережемен анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес заемшының (тең заемшының) - жеке тұлғаның қаржылық ахуалы кредитті беру сәтінде бағаланады және былай жіктеледі:

1) тұрақты: заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау заем бойынша

тұрақты және уақтылы төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысында жүргізіледі, заемшы (тең заемшы) өзінің кірістері мен шығыстарын, төлем қабілеттілігі және кредиттік тарихын талдауға сәйкес заемды уақтылы және толық көлемде өтеуге қабілетті;

кредитті өтеу үшін қажет заемшының (тең заемшының) қолма-қол ақшасының жеткіліктілігі;

заемшы (тең заемшы) білімінің деңгейі, кәсіби тәжірибесі, экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;

заемшының (тең заемшының) ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттармен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

40 пайыздан аспайды, кредитті беру және (немесе) еңбек қызметінің орнын өзгерту сәтінде қолданылатын заңнамалық актіге сәйкес белгіленетін заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі - АЕК) дейін болғанда;

50 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;

60 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен астам болғанда, егер осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасау барысында заемшы (тең заемшы) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болған жағдайда;

2) қанағаттанарлық:

заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау заем бойынша тұрақты және уақтылы төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысында жүргізіледі, заемшының (тең заемшының) төлем қабілеттілігінің немесе кірістер деңгейінің уақытша нашарлауын көрсететін белгілер бар, заемшының (тең заемшының) кредит тарихы жоқ;

заем бойынша шарттың қолданылу мерзімі ішінде заемшының (тең

заемшының) төлем қабілеттілігін уақытша нашарлатуға қабілетті факторлар анықталды, бірақ олар елеусіз, бұл ретте, заемшы (тең заемшы) заем жөніндегі өз міндеттемелері бойынша есептесуге және төлем қабілеттілігін төмендететін уақытша факторлармен күресуге қабілетті екеніне сенімділік бар;

экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;

заемшының (тең заемшының) ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

50 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;

60 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан көп, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен астам болғанда;

осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жүргізу барысында заемшы (тең заемшы) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болған жағдайда;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде бір мерзімін ұзарту бар;

3) қанағаттанғысыз:

заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау заем бойынша тұрақты және уақтылы төлемдерді жүргізу мүмкіндіктері тұрғысында жүргізіледі, заемшының (тең заемшының) төлем қабілеттілігінің немесе кірістер деңгейінің уақытша нашарлауын көрсететін белгілер бар, заемшының (тең заемшының) кредит тарихы жоқ;

заем бойынша шарттың қолданылу мерзімі ішінде заемшының (тең

заемшының) төлем қабілеттілігін уақытша нашарлатуға қабілетті факторлар анықталды, бірақ олар елеусіз, бұл ретте заемшы (тең заемшы) заем жөніндегі өз міндеттемелері бойынша есептесуге және төлем қабілеттілігін төмендететін уақытша факторлармен күресуге қабілетті екеніне сенімділік бар;

экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемелері бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;

заемшының (тең заемшының) ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

50 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;

60 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан көп, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен астам болғанда;

осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жүргізу барысында заемшы (тең заемшы) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болған жағдайда;

заемшыда (тең заемшыда) мерзімі ұзартылған міндеттеме және (немесе) шығынға жазылған борыштар (кредиттік бюродан жыл сайынғы анықтамамен расталған, басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары бар (N 2 картотека)). Егер, заем сомасы тәуекелдің бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша, банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюродан анықтамамен расталуы жөніндегі талап жеке тұлғаларға берілген кредиттерге таралмайды;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде екі мерзімін

заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау заем бойынша төлемдерді тұрақты және уактылы жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысынан жүргізіледі, заемшының (тең заемшының) төлем қабілеттілігінің немесе кірістерінің деңгейінің тұрақты және елеулі нашарлауын көрсететін белгілер бар, заемшының (тең заемшының) кредиттік тарихы жоқ;

еңбек қызметінің тұрақсыздығы немесе рентабелділігінің тұрақсыз деңгейі бар секторда жұмыспен қамтылуы, кәсіпкерлік қызметтен кірістің басқа көздері жоқ болғанда, инфляцияның ағымдағы қарқынын ескере отырып, заемшының (тең заемшының) кірістерінің немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің төмендеуі;

заемшының (тең заемшының) ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

60 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан аспайды, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан көп, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65 АЕК астам болғанда;

осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасау барысында заемшы (тең заемшы) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болған жағдайда;

заемшыда (тең заемшыда) мерзімі ұзартылған міндеттеме және (немесе) шығынға жазылған борыштар (кредиттік бюродан анықтамамен расталған, басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары бар. Егер, тәуекелдің бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша заем сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюродан анықтамамен расталу жөніндегі талап жеке тұлғаларға берілген кредиттерге таралмайды;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап

және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде үш мерзімін
ұ з а р т у б а р ;

5) өте қиын қаржылық ахуал:

заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау заем бойынша төлемдерді тұрақты және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысынан жүргізіледі, заемшының (тең заемшының) төлем қабілеттілігінің немесе кірістерінің деңгейінің қиын деңгейге дейін тұрақты және елеулі нашарлауы анықталды, кредиттік досьесі жоқ, заемшының (тең заемшының) кредиттік тарихы немесе заемшының (тең заемшының) төлем қабілеттілігі туралы өзге ақпарат заемшының (тең заемшының) банктің алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындамағандығын немесе төлем қабілетсіздігін куәландырады;

еңбекпен қамтылмауы немесе коммерциялық қызметінің жоқтығы немесе заемшыға материалдық зиян әкелген не өзге коммерциялық қызметті жалғастыруға мүмкіндік бермейтін факторлар анықталды, заемшы (тең заемшы) банкпен өз міндеттемелері бойынша есептесе алмайды деген ықтималдылық
б а с ы м ;

заемшының (тең заемшының) ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

60 пайыздан көп, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері
4 0 А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

70 пайыздан көп, заемшының (тең заемшының) ай сайынғы кірісінің мөлшері
4 0 А Е К - т е н а с т а м б о л ғ а н д а ;

кредиттеудің барлық мерзімі ішінде төрт және одан астам мерзімін ұзарту бар

Тең заемшы осы тармақта көрсетілген коэффициенттерді тартқан жағдайда, заемшының және тең заемшының (тең заемшының) жиынтық кірістері мен шығыстарынан есептеледі.

Отыз күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен борыш пайда болған сайын заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау жүзеге асырылады. Осы жағдайда заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау бұдан кейін ай сайынғы негізде мерзімі өткен берешек толық өтелгенге дейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

9. Қамтамасыз ету сапасы былайша жіктеледі:

1) сенімді - жиынтығында актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 100 пайызын жабатын жоғары өтімді қамтамасыз ету, мыналар түрінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ұлттық басқарушы холдингінің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары; Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "А" тобынан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған «BBB-» рейтингінен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "А-" тобынан төмен емес қаржылық сенімділігінің рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "А-" тобынан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел мемлекеттерінің Үкіметтері және орталық банктері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар; монетарлық қымбат металдар;

Қазақстан Республикасының бірінші сыныпты эмитенттерінің векселдері;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "А" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары шығарған

б а ғ а л ы

қ а ғ а з д а р ;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған «BBB-» рейтингінен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары шығарған

б а ғ а л ы

қ а ғ а з д а р ;

жалғыз акционері мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын, шағын және орташа кәсіпкерліктің кредиттеуін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың кепілдіктері (кепілдемелері);

жалғыз акционері мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг (білім беруді кредиттеу жүйесі шегінде) болып табылатын заңды тұлғалардың кепілдіктері (к е п і л д е м е л е р і) ;

кредитор банк депозитіндегі ақша кепілі және (немесе) банктің бухгалтерлік есебінің тиісті шоттарында көрінетін, кредитор банктегі кепіл заты болып табылатын а қ ш а ;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған «BBB» рейтингінен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне қатысы бойынша бас банк болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің кепілдіктері (кепілдемелері);

2) жақсы – құны актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің 90 пайызынан кем емесін жабатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жоғары өтімді қамтамасыз ету немесе жиынтығында актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің 100 пайызынан кем емесін

жабатын қамтамасыз ету, мыналар түрінде:

Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BBB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB-" тобынан төмен емес қаржылық сенімділігінің рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BBB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар .

Сондай-ақ, жақсы қамтамасыз ету ретінде банктердің кредиттеу бойынша құжаттама жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген, қамтамасыз ету құны актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 130 пайызын жабатын жылжымайтын мүлік түріндегі қамтамасыз ету қабылданады;

3) қанағаттанарлық - осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген, құны активтер бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере

отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 75 пайызын жабатын жылжымайтын мүлік немесе жоғары өтімді қамтамасыз ету түріндегі қамтамасыз етуді қоспағанда, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген, құны актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 90 пайызын жабатын жақсы қамтамасыз ету, немесе жиынтығында актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 100 пайызын жабатын қамтамасыз ету,

м ы н а л а р т ү р і н д е :

Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған қаржылық сенімділігінің "B-" тобынан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі қаржы сенімділігі рейтингі бар сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері.

Сондай-ақ, қанағаттанарлық қамтамасыз ету ретінде банктердің кредиттеу бойынша құжаттама жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген қамтамасыз ету мыналар түрінде қабылданады:

заемшының борышкері осы тармақшада көрсетілген Қазақстан Республикасының резидент банктеріне тағайындалған рейтингінен бір санатқа төмен борыштық рейтингі бар заңды тұлға болып табылу шартымен заемшының балансында есепке алынған соманың 60 пайызынан аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешек;

заемшының және (немесе) кепіл берушінің балансында есепке алынған соманың 60 пайызынан аспайтын мөлшердегі, не заемшы жеке тұлғаның меншігіндегі жылжымалы мүлік;

заемшының балансында есепке алынған соманың 60 пайызынан аспайтын мөлшерде айналымдағы тауарлар;

қамтамасыз ету құны актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 120 пайызын жабатын жылжымайтын мүлік;

4) қанағаттанарлықсыз – қамтамасыз ету құны жиынтығында актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің кем дегенде 50 пайызын жабатын, осы Ережеде көзделген жоғары өтімді, жақсы және басқаша сипатталатын қамтамасыз ету;

5) қамтамасыз етусіз – бланктік кредит не қамтамасыз ету құны жиынтығында актив, шартты міндеттеме бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу

санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің 50 пайызынан кемін жабатын, осы Ережеде көзделген жоғары өтімді, жақсы және басқаша сипатталатын қамтамасыз ету.

Банктердің кредиттеу бойынша құжаттама жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қамтамасыз ету бөлігінде бұзған жағдайда кредит қамтамасыз етілмеген болып табылады.

Төлемі аккредитивтік операциялар бойынша жүзеге асырылатын активтерді қоспағанда, қамтамасыз етуі мүлік (ақша, тауарлар, жылжымайтын мүліктер, үлестік құрылыс объектілері және өзгелер), келешекте келіп түсетін талап ету құқықтары, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері түрінде болатын актив қамтамасыз етілмеген деп бағаланады. Қамтамасыз етуі банктің өзі және (немесе) банкпен ерекше қатынастармен байланысы бар тұлғалар эмиссиялаған бағалы қағаздар түрінде болатын актив те қамтамасыз етілмеген деп бағаланады.

Банк қамтамасыз етуінің сапасы активті (шартты міндеттемені) қамтамасыз етудің құны негізінде айқындалады.

Қамтамасыз етудің нарықтық құны тапсырыс беруші мен бағалы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушы – жеке немесе заңды тұлғаның арасында жасалған бағалау жүргізу жөніндегі шарттың негізінде белгіленеді. Бағалаушы объектіні бағалауды "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтай отырып, жүзеге асырады.

Кепіл шартының қолданыста болу мерзімінде кепіл мүліктің бағалауын банктің кепіл саясатында (бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген заемдар бойынша қайта бағалау талап етілмейді) көзделген әдістемеге сәйкес кемінде алты айда бір рет банктің өзі жүргізеді. Банктің кепіл саясаты бағалаушы кепіл мүліктің нарықтық құнын бағалау мақсатында пайдаланатын әдістеменің банк үшін қолайлығын айқындайды. Әдістеме кепіл шартының қолданылу мерзімі ішінде кепіл қамтамасыз етудің қалыптасқан нарықтық құнына кепіл құнын анықтау (сәйкес келуі) әдістемесі мен кезеңділігін қамтиды.

Кепіл мүлікті сату қажет болғанда кепіл мүліктің нарықтық құнын анықтау және оның сатылуын бәсекелестік пен кепіл беруші құқықтарының сақталуы жағдайында өткізу мақсатында банк тәуелсіз бағалауын жүргізеді.

Банктегі жинақтау шотына орналастырылған (депозиттер) не кепіл ретінде орналастырылған ақшаны, клиенттің шотына келісім-шарттар (шарттар) бойынша келіп түсетін ақшаны, келешекте инвестициялық жобалар бойынша клиенттің меншігіне келетін мүлікті, келешекте клиенттің меншігіне келетін жылжымалы мүлікті, осындай мүлікті бағалау сәтіне осы компания теріс қаржы нәтижесін көрсеткен жағдайдағы шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда жылжымайтын және жылжымалық мүлікке жататын барлық кепіл қамтамасыз ету объектілері міндетті тәуелсіз бағалануға жатады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Соңғы 12 (он екі) айда 15 (он бес) және одан көп күнтізбелік күн мерзімі өткен төлемдер бар болған жағдайда, сондай-ақ жеке банктік заем шарты бойынша төлемдерді өтеу мерзімі басталмаған (төлемдерді мерзімнен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда) жағдайда, "жіктелетін актив бойынша төлемдерді өтеуде мерзімін өткізуі жоқ - 1 балл" критерийлері қолданылмайды.

Соңғы 12 (он екі) айда төлемдерді өтеу мерзімі 15 (он бес) және одан көп күнтізбелік күнге өткен, сондай-ақ төлемдерді өтеу мерзімі басталмаған заемдар бойынша 0 балл тағайындалады.

11. Активті мақсатсыз пайдалану үлесі әрбір банктік заем шарты бойынша, оның ішінде бір кредиттік желі аясында жасалғаны бойынша жеке есептеледі.

12. Банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесі бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептелген, негізгі борыш бойынша қалдығы тәуекелді бағалау күніне банктің меншікті капиталы шамасынан 0,02 пайызға аспайтын, жеке тұлғаларға мүлікті (жылжымайтын, жылжымалы) сатып алуға, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қызметтерді төлеуге берілген кредиттер бойынша мақсаттылығын растау талап етілмейді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-кесте

Активтің (шартты міндеттеменің) жіктелу санатын айқындауға арналған балл саны, бірыңғай кредиттерді қоспағанда	Активтің (шартты міндеттеменің) жіктелу санаты	Актив (шартты міндеттеме) бойынша провизия мөлшері (негізгі борыш сомасынан %-бен) бірыңғай кредиттер портфелін қоспағанда	Провизия мөлшері (бірыңғай кредиттер портфелінен %-бен)
1-ге дейін (қоса алғанда)	Стандартты		
	Күмәнді:		

1-ден 2-ге дейін (қоса алғанда)	1-ші санаттағы	5% - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде	0,01% - 5%
	2-ші санаттағы	10% - төлемді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5,01% - 10%
2-ден 3-ке дейін (қоса алғанда)	3-ші санаттағы	20% - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде	10,01% - 20%
	4-ші санаттағы	25% - төлемді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	20,01% - 25%
3-тен 4-ке дейін (қоса алғанда)	5-ші санаттағы	50% - барлық жағдайда	25,01 % - 50%
4-тен және одан аса	Үмітсіз	100% - барлық жағдайда	50,01% - 100%

N

2006 жылғы 25 желтоқсандағы

296 қаулысымен бекітілген

Активтерді, шартты міндеттемелерді
жіктеу және оларға қарсы
провизиялар (резервтер)
құру ережесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

Инвестициялық заемдарды (кредиттерді) және олармен байланысты шартты міндеттемелерді жіктеу

1-кесте

N	Критерийлер			Баллдар
1.	Қаржылық ахуалы			
1)	тұрақты			0
2)	қанағаттанарлық			+1
3)	қанағаттанарлықсыз			+2
4)	тұрақсыз			+3
5)	өте қиын			+4
2.	Жіктелетін актив бойынша кез келген төлемін өтеуді кешіктіру			
1)	кредит бойынша	салымдар, (депозиттер) және шартты міндеттемелер бойынша	Дебиторлық берешек бойынша	
	Соңғы он екі айда жіктелетін актив бойынша төлемдерді өтеуде мерзімін өткізуі жоқ			0
2)	15-30 күн	7 күнге дейін	14 күнге дейін	+1.5
3)	31-60 күн	7-ден 15 күнге дейін	14-тен 30 күнге дейін	+2.5
4)	61-90 күн	15-тен 30 күнге дейін	30-дан 60 күнге дейін	+3.5
5)	90 күннен астам	30 күннен астам	60 күннен астам	+4.5

3.	Қамтамасыз етудің сапасы	
1)	сенімді	-3
2)	жақсы	-2
3)	қанағаттанарлық	-1
4)	қанағаттанарлықсыз	+1
5)	Қамтамасыз етусіз	+2
4.	Активті мақсатсыз пайдалану үлесі, пайызбен	
1)	25 пайызға дейін	0
2)	25 пайыздан астам	1
3)	50 пайыздан астам	2
4)	75 пайыздан астам	3
5)	100 пайыз	4
5.	Заемшыда (борышкерде) рейтингінің болуы	
1)	"А" және жоғары	-3
2)	Қазақстан Республикасы рейтингінен жоғары – "А"-ға дейін	-2
3)	Қазақстан Республикасы рейтингісінің деңгейінде	-1
4)	Қазақстан Республикасы рейтингісінен төмен және рейтингі жоқ	0
	Жиынтығы:	

Кестені толтыру бойынша ереже мынадай редакцияда жазылсын:

1. Инвестициялық заемдарды (кредиттерді) жіктегенде осы кестенің 1-5-тармақтарында көзделген барлық критерийлер қолданылады.

2. Дебиторлық берешекті жіктегенде осы кестенің 1, 2 және 5 – тармақтарында көзделген барлық критерийлер қолданылады.

Осы кестенің 1-тармағында көзделген, дебиторлық берешекке қатысты критерий бір дебиторға есептелген берешек банктің меншікті капиталының 5 пайызынан астамын құраған жағдайда қолданылады.

3. Шартты міндеттемелерді жіктегенде осы кестенің 1, 2 және 5–тармақтарында көзделген критерийлер қолданылады.

4 . Е г е р :

1) заемшы (тең заемшы) оффшорлық аймақта тіркелген тұлға болып табылса;

2) заемшының (тең заемшының) дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің елу және одан астам пайызы тікелей оффшорлық аймақта тіркелген тұлғаларға тәуелді болса;

3) оффшорлық аймақта тіркелген өзге тұлға заемшының (тең заемшының) шешімін шарт күшімен немесе өзге де тәсілмен анықтаса, онда осы кестенің 5-тармағы қолданылмайды.

Активті жіктеу санаты осы активті осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген критерийлер бойынша бағалау нәтижелері бойынша анықталады. Актив бойынша жиналған баллдардың санына қарай оны жіктеу санаты және осы

қосымшаның 2-кестесіне сәйкес қажетті провизиялар (резервтер) мөлшері белгіленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5. Заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалы инвестициялық заемдардың ерекшеліктері ескеріле отырып, және талаптары осы Ереженің 2-қосымшасының 6-тармағында белгіленген, банктің басқару органымен бекітілген және банктің ішкі ережесіне ажырамас толықтыру болып табылатын әдістемеге (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес бағаланады.

Қаржылық ахуал былайша жіктеледі:

1) тұрақты – заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалы тұрақты; заемшы (тең заемшы) төлеуге қабілетті; ақша ағындары борышты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді; Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні жалпылама қабылданған нормалардың шегінде; бизнестің дамуына жағымды нарықтық жағдайлары; нарықта жақсы бәсекелестік позициясы бар; ресурстарға және капитал нарығына еркін қол жетімділігі бар, жеткізушілердің шектеулі санына тәуелді емес, шарттың қолданыста болу мерзімінде заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын елеулі нашарлататын сыртқы немесе ішкі факторлар анықталмаған; заемшының (тең заемшының) өзінің міндеттемесі бойынша банкпен есеп айырысуға мүмкіндігінің болуы күмән туғызбайды; заемшының (тең заемшының) активтері мен міндеттемелері мерзімдер бойынша салыстыруға келеді; жағымды кредиттік тарихы бар;

2) қанағаттанарлық – «тұрақты» сипаттамасына жақын осы санаттағы заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалы, алайда, оның осы деңгейде ұзақ уақыт бойына ұстап тұру ықтималдылығы төмен болып табылады; кредиттеудің басынан бастап кірістер, төлем қабілеттілігі, шығындардың деңгейі борышкердің бизнес-жоспарында көзделген деңгейде тұр; динамикада ақша ағындарының елеусіз азайғаны байқалады, бұл ретте ақша ағындары борыштың негізгі бөлігін жабуға мүмкіндік береді; заемшы (тең заемшы) өзінің қаржылық ахуалын жақсартуға шаралар қабылдайды;

тауар жеткізушілерінің, қызмет көрсетулерінің және заемшы (тең заемшы) өнімдерін тұтынушылардың шоғырлануы бойынша барынша төмен тәуекелдері бар; заемшының (тең заемшының) өз міндеттемесі бойынша банкпен есеп айырысу мүмкіндігі қосымша ресурстарға қол жетімділігінің болуына байланысты күмән туғызбайды; тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз

алты ай ішінде бір мерзімін ұзарту бар;

3) қанағаттанарлықсыз – осы санаттағы заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалы "тұрақтының" сипатына жақын келеді, бірақ оны осы деңгейде ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкіндігі төмен; кредиттеудің басынан бастап кірістер, төлем қабілеттілігі, шығындардың деңгейінің борышкердің бизнес-жоспарында көзделген деңгейден жағымсыз ауытқуы бар; динамикада ақша ағындарының елеусіз азайғаны байқалады, бұл ретте ағындар борыштың негізгі бөлігін жабуға мүмкіндік береді; заемшы (тең заемшы) өзінің қаржылық ахуалын жақсартуға шаралар қабылдайды; тауар жеткізушілерінің, қызмет көрсетулерінің және заемшы (тең заемшы) өнімдерін тұтынушыларының шоғырлануы бойынша барынша төмен тәуекелдері бар; заемшының (тең заемшының) өзінің міндеттемесі бойынша банкпен есеп айырысу мүмкіндігі қосымша ресурстарға қол жетімділігінің болуына байланысты күмән туғызбайды; заемшының (тең заемшының) мерзімі өткен міндеттемесі және (немесе) шығынға жазылған борыштары (кредиттік бюроның анықтамасымен расталған басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте уақтылы төленбеген төлем құжаттары (N 2 картотекасы)) бар; тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде екі мерзімін ұзартуы бар;

4) тұрақсыз – заемшы (тең заемшы) банкпен өзінің міндеттемесі бойынша мынадай факторлардың ішінен біреуі салдарынан есеп айырыса алмайды деген
ы қ т и м а л д ы қ б а р :

заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалының үнемі және елеулі нашарлау белгілері бар: кредиттеудің басынан бастап кірістер, төлем қабілеттілігі және шығындар деңгейінің борышкердің бизнес жоспарында көзделген деңгейден елеулі жағымсыз ауытқулары бар және бизнес-жоспарды іске асыруға әсерін тигізуі мүмкін;
нарықтық үлесінің төмендеуі;

заемшы (тең заемшы) өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін қабылдаған шаралары тиімді болатынына сенім туғызбайды; заемшыға (тең заемшыға) 1 жылдан аспайтын мерзімге санация жарияланды; төтенше жағдайлар, сондай-ақ заемшыға (тең заемшыға) материалдық залал келтірген, бірақ оның қызметін тоқтатуға әкелмеген өзге де жағдайлар бар;

заемшының (тең заемшының) мерзімі өткен міндеттемесі және(немесе) шығынға жазылған борыштары (кредиттік бюроның анықтамасымен расталған басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте уақтылы төленбеген төлем құжаттары (N 2 картотекасы)) бар. Егер

тәуекелдерді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша заем сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, онда жеке тұлғаларға берілген кредиттерге жыл сайынғы кредиттік бюроның анықтамасымен растау т а л а б ы қ о л д а н ы л м а й д ы ;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде үш мерзімін ұ з а р т у б а р ;

5) өте қиын – заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалының тұрақты нашарлауы сыни деңгейіне жетті: төлем қабілетсіздігі, нарықтық позицияларын жоғалту; заемшыға (тең заемшыға) бір жылдан астам мерзімге санация жарияланды; заемшы (тең заемшы) банкрот болып танылды; заемшының (тең заемшының) материалдық залал келтірген және (немесе) оған өзінің қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлары бар, заемшының (борышкердің, тең заемшының) кредиттік досьесі жоқ; кредиттеудің барлық мерзімі ішінде төрт және одан көп мерзімін ұзартуы бар.

Кредитті жіктеу санаты кредит:

оффшорлық аймақта тіркелген заемшыға (тең заемшыға) берілсе не заемшының (тең заемшының) дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің елу және одан астам пайызы тікелей оффшорлық аймақта тіркелген тұлғаларға тәуелді болса;

оффшорлық аймақта тіркелген өзге тұлға шарт күшімен немесе өзге де тәсілмен шешімін анықтайтын заемшыға (тең заемшыға) берілген жағдайда, басынан бастап «үмітсіз» деп анықталады.

2010 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген кредиттер бойынша, осы тармақтың үшінші бөлігінің талабы 2010 жылғы 1 сәуірден бастап қолданылады.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап берілуі жүзеге асырылған кредиттерге, оның ішінде 2010 жылғы 1 қаңтарға дейін мақұлданған кредиттік желілердің аясында берілген кредиттерге осы тармақтың үшінші бөлігінің талабы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Мынадай жағдайларда кредиттің жіктеу санаты бастапқыда "үмітсіз" деп т а н ы л а д ы :

оффшорлық аймақта тіркелген тұлға болып табылатын;

оффшорлық аймақта тіркелген тұлғаға қатысты тәуелді немесе еншілес болып табылатын заемшыға (тең заемшыға) кредит беру.

Осы талап көрсетілген кредиттер бойынша жоғары өтімді қамтамасыз ету бар болған жағдайда қолданылмайды, бұл жағдайда жіктеу осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. Қамтамасыз ету сапасы былайша жіктеледі:

1) сенімді - жиынтығында заемшының заемы бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) міндеттемелерінің кем дегенде 100 пайызын жабатын жоғары өтімді қамтамасыз ету, мыналар түрінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ұлттық басқарушы холдингтің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "А-" тобынан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған «BBB-» рейтингінен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктерінің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BBB+" тобынан төмен емес қаржылық сенімділігінің рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері;

кредитор банк депозитіндегі ақша кепілі және (немесе) банктің бухгалтерлік есебінің тиісті шоттарында көрінетін, кредитор банктегі кепіл заты болып табылатын ақша;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BBB+" тобынан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел мемлекеттерінің Үкіметтері және орталық банктері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар;

монетарлық қымбат металдар;

Қазақстан Республикасының бірінші сыныпты эмитенттерінің векселдері;
Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "А-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған «BBB-» рейтингінен» төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар;

жалғыз акционері мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын, шағын және орташа кәсіпкерліктің кредиттеуін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard & Poor's агенттігі тағайындаған «BBB» рейтингінен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне қатысы бойынша бас банк болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің кепілдіктері (кепілдемелері);

жалғыз акционері мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг (білім беруді кредиттеу жүйесі шегінде) болып табылатын заңды тұлғалардың кепілдіктері (кепілдемелері);

2) жақсы – құны заем бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшы міндеттемелерінің 70 пайызынан кем емесін жабатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жоғары өтімді қамтамасыз ету немесе жиынтығында актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік

берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшының міндеттемелерінің 100 пайызынан кем емесін жабатын қамтамасыз ету, мыналар түрінде:

Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB+" тобынан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B+" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктерінің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B+" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктердің резервтік аккредитивтері;

инвестициялық кредиттер бойынша борышкерлердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттердегі міндеттемелерін өтеуге немесе қамтамасыз етуге көзделген мүлік; төлем қабілеттігі жоғары (қаржылық ахуалы тұрақты) заңды тұлғалардан кепілдік берілген төлемдер бойынша келіп түсетін ақша;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B+" тобынан төмен емес қаржылық сенімділігінің рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB+" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдармен шығарылған бағалы қағаздар;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B+" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарымен шығарылған бағалы қағаздар;

3) қанағаттанарлық - жылжымайтын мүлік түріндегі қамтамасыз етуді қоспағанда, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген, құны заем бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен

төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшының міндеттемелерінің кем дегенде 75 пайызын жабатын жақсы қамтамасыз ету немесе осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген, құны заем бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшының міндеттемелерінің кем дегенде 60 пайызын жабатын жоғары өтімді қамтамасыз ету немесе жиынтығында заем бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшының міндеттемелерінің кем дегенде 100 пайызын жабатын қамтамасыз ету, мыналар түрінде:

Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "BB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың, оның ішінде Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент банктердің кепілдіктері (кепілдемелері);

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған "B-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктердің резервтік аккредитивтері;

мүлік, оның ішінде, келешекте бизнес-жоспарға сәйкес келіп түсетін; тиісті қаржы жылы республикалық және жергілікті бюджеттерде

инвестициялық кредиттер бойынша борышкерлердің міндеттемелерін өтеу мен қамтамасыз ету үшін көзделген ақша;
кепілдік берілген төлемдер бойынша төлем қаблеттілігі бар заңды тұлғалардан келіп түсетін ақша;

Standard&Poor's агенттігі тағайындаған қаржылық сенімділігінің "В" тобынан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері.

Сондай-ақ, қанағаттанарлық қамтамасыз ету ретінде банктердің кредиттеу бойынша құжаттама жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген қамтамасыз ету мыналар түрінде қабылданады:

заемшының борышкері осы тармақшада көрсетілген Қазақстан Республикасының резидент банктеріне тағайындалған рейтингінен бір деңгейге төмен борыштық рейтингі бар заңды тұлға болып табылуы шартымен заемшының балансында есепке алынған соманың 60 пайызынан аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешек;

заемшының балансында есепке алынған соманың 60 пайызынан аспайтын мөлшердегі жылжымалы мүлік;

заемшының балансында есепке алынған соманың 60 пайызынан аспайтын мөлшерде айналымдағы тауарлар;

қамтамасыз ету құны актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)) заемшының міндеттемелерінің кем дегенде 100 пайызын жабатын жылжымайтын мүлік;

4) қанағаттанарлықсыз – қамтамасыз ету құны жиынтығында актив бойынша (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың

сыйақысы алынады)) заемшының міндеттемелерінің кем дегенде 50 пайызын жабатын, осы Ережеде көзделген жоғары өтімді, жақсы және басқаша сипатталатын қамтамасыз ету;

5) қамтамасыз етусіз – бланктік не ішінара қамтамасыз етілген кредит, бұл ретте қамтамасыз ету құны заем бойынша борышкердің міндеттемелерінің кем дегенде 50 пайызын жабады (сыйақы жеңілдік кезеңінсіз төленетін заемдар бойынша, қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде жіктеу санаты берілген күнінен кейінгі 3 (үш) ай ішінде кредитті пайдаланғаны үшін болжанатын сыйақыны ескере отырып, негізгі борыштың қалдығы бойынша сома алынады; сыйақы жеңілдік кезеңімен төленетін заемдар бойынша қамтамасыз етуді жабуды есептеген кезде кредитті бүкіл жеңілдік кезеңінде пайдаланғаны үшін сыйақыны ескере отырып, жіктеу санаты берілген күніндегі сома алынады (егер заемдар бойынша жеңілдік берілген кезеңі 3 (үш) айдан кем болған жағдайда, онда есепке 3 (үш) айдың сыйақысы алынады)).

Банктердің кредиттеу бойынша құжаттама жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қамтамасыз ету бөлігінде бұзған жағдайда кредит қамтамасыз етілмеген болып табылады.

Банк қамтамасыз етуінің сапасы активті (шартты міндеттемені) қамтамасыз етудің құны негізінде айқындалады.

Қамтамасыз етудің нарықтық құны тапсырыс беруші мен бағалы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушы – жеке немесе заңды тұлғаның арасында жасалған бағалау жүргізу жөніндегі шарттың негізінде белгіленеді. Бағалаушы объектіні бағалауды "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтай отырып, жүзеге асырады.

Кепіл шартының қолданыста болу мерзімінде кепіл мүліктің бағалауын банктің кепіл саясатында (бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген заемдар бойынша қайта бағалау талап етілмейді) көзделген әдістемеге сәйкес кемінде алты айда бір рет банктің өзі жүргізеді. Банктің кепіл саясаты бағалаушы кепіл мүліктің нарықтық құнын бағалау мақсатында пайдаланатын әдістеменің банк үшін қолайлығын айқындайды. Әдістеме кепіл шартының қолданылу мерзімі ішінде кепіл қамтамасыз етудің қалыптасқан нарықтық құнына кепіл құнын анықтау (сәйкес келуі) әдістемесі мен кезеңділігін қамтиды.

Кепіл мүлікті сату қажет болғанда кепіл мүліктің нарықтық құнын анықтау және оның сатылуын бәсекелестік пен кепіл беруші құқықтарының сақталуы жағдайында өткізу мақсатында банк тәуелсіз бағалауын жүргізеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-кесте

Баллдардың саны	Активтің жіктеу санаты	Провизияның мөлшері (негізгі борыштың сомасынан пайыз)
1-ге дейін (қоса алғанда)	Стандартты	0
	Күмәнді:	
1-ден 2-ге дейін (қоса алғанда)	1-ші санаттағы	5% - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
	2 –ші санаттағы	10% - төлемді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде
2-ден 3-ке дейін (қоса алғанда)	3-ші санаттағы	20% - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
	4-ші санаттағы	25% - төлемді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде
3-тен 4-ке дейін (қоса алғанда)	5-ші санаттағы	50% - барлық жағдайда
4-тен және одан аса	Үмітсіз	100% - барлық жағдайда

2006 жылғы 25 желтоқсандағы N
296 қаулысымен бекітілген

Активтерді, шартты міндеттемелерді
жіктеу және оларға қарсы провизиялар
(резервтер) құру ережесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 140 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

Жеке тұлғаларға берілген ипотекалық тұрғын үй заемдарының жіктелімі

1-кесте

N	Критерийлер	Баллдар
1.	Қаржылық ахуалы	
1)	тұрақты	-1
2)	қанағаттанарлық	0
3)	қанағаттанарлықсыз	+1
4)	тұрақсыз	+2
5)	өте қиын	+3
2.	Төлемдерді өтеудің мерзімін өткізу	
1)	соңғы он екі айда жіктелетін актив бойынша төлемдерді өтеуде мерзімін өткізуі жоқ	-1
2)	соңғы он екі айда ағымдағы күнге дейін төлемдерінің мерзімін өткізуі бар болған және төлемді өтеу мерзімі әлі басталмаған заемдар	0
3)	14 - 30 күн	+1
4)	31 - 60 күн	+2
5)	61 – 90 күн	+3

6)	90 астам күн	+4
3.	Қамтамасыз етудің сапасы	
1)	сенімді	-2
2)	жақсы	-1
3)	қанағаттанарлық	0
4)	қанағаттанарлықсыз	+2
4.	Мерзімі өткен бағалау	
1)	үш жылдан кем	0
2)	үш жылдан астам	+1

Кестені толтыру бойынша ереже:

1. Заемның жіктеу санаты осы заемды осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген критерийлер бойынша бағалау нәтижесі бойынша айқындалады. Заем бойынша жинаған баллдар саны бойынша оның жіктеу санаты мен осы қосымшаның 2-кестесіне сәйкес қажетті провизиялар (резервтердің) мөлшері белгіленеді.

2. Ипотекалық тұрғын үй заемын беру сәтінде қаржылық ахуалы мынадай жіктеледі:

1) тұрақты қаржылық ахуал:

заемшының қаржылық ахуалын бағалау ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша тұрақты және уақтылы төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысында жүргізіледі, заемшы өзінің кірістері мен шығыстарын, төлем қабілеттілігі және кредиттік тарихын талдауға сәйкес ипотекалық тұрғын үй заемын уақтылы және толық көлемде өтеуге қабілетті;

заемшының тұрғын үй үшін бастапқы жарнаны төлеуге, сондай-ақ сатып алу-сату бойынша мәмілелерді жасасумен байланысты шығыстарды жабуға және ипотекалық тұрғын үй заемын беруге қажетті қолма-қол ақшасының жеткіліктілігі;

заемшы білімінің деңгейі, кәсіби тәжірибесі, экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән

тұғызбайды;

заемшының ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттармен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

40 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке

д е й і н б о л ғ а н д а ;

50 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65
А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

60 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90
А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

70 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен
а с т а м б о л ғ а н д а ,

егер осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасау
барысында заемшы отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы
қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес,
ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан
к е м е м е с б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ;

2) қанағаттанарлық қаржылық ахуал:

заемшының қаржылық ахуалын бағалау ипотекалық тұрғын үй заемы
бойынша тұрақты және уақтылы төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндіктері
тұрғысында жүргізіледі, заемшының төлем қабілеттілігінің немесе кірістер
деңгейінің уақытша нашарлауын көрсететін белгілер бар, заемшының кредит
т а р и х ы ж о қ ;

заем бойынша шарттың қолданылу мерзімі ішінде заемшының төлем
қабілеттілігін уақытша нашарлатуға қабілетті факторлар анықталды, бірақ олар
елеусіз, бұл ретте, заемшы ипотекалық тұрғын үй заемы жөніндегі өз
міндеттемелері бойынша есептесуге және төлем қабілеттілігін төмендететін
уақытша факторлармен күресуге қабілетті екеніне сенімділік бар;

экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы
жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен
есептесу м ү м к і н д і г і к ү м ә н т у ғ ы з б а й д ы ;

заемшының ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы
мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем
бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті
сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт
бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және
шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы
с о м а с ы н ы ң қ а т ы н а с ы :

50 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке
д е й і н б о л ғ а н д а ;

60 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65
А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

70 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90
А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

70 пайыздан көп, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен астам
б о л ғ а н д а ;

осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жүргізу
барысында заемшы отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы
қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес,
ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан
к е м е м е с б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде
соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса
алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап
және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде бір мерзімін
ұ з а р т у б а р ;

3) қанағаттанғысыз қаржылық ахуал:

заемшының қаржылық ахуалын бағалау ипотекалық тұрғын үй заемы
бойынша тұрақты және уақтылы төлемдерді жүргізу мүмкіндіктері тұрғысында
жүргізіледі, заемшының төлем қабілеттілігінің немесе кірістер деңгейінің
уақытша нашарлауын көрсететін белгілер бар, заемшының кредит тарихы жоқ;

ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша шарттың қолданылу мерзімі ішінде
заемшының төлем қабілеттілігін уақытша нашарлатуға қабілетті факторлар
анықталды, бірақ олар елеусіз, бұл ретте заемшы ипотекалық тұрғын үй заемы
жөніндегі өз міндеттемелері бойынша есептесуге және төлем қабілеттілігін
төмендететін уақытша факторлармен күресуге қабілетті екеніне сенімділік бар;

экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы
жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемелері бойынша банкпен
есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды; заемшының ай сайынғы жиынтық
кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын
шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы
төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай
сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті,
Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа
тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

50 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке
д е й і н б о л ғ а н д а ;

60 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65
А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

70 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90
А Е К - к е д е й і н б о л ғ а н д а ;

70 пайыздан көп, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен астам
б о л ғ а н д а ;

осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жүргізу барысында заемшы отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болған жағдайда; заемшыда (тең заемшыда) мерзімі ұзартылған міндеттеме және (немесе) шығынға жазылған борыштар (кредиттік бюродан анықтамамен расталған, басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары бар (N 2 картотека)). Егер, заем сомасы тәуекелдің бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша, банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюродан анықтамамен расталуы жөніндегі талап жеке тұлғаларға берілген кредиттерге таралмайды;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде екі мерзімін ұзарту бар;

4) тұрақсыз қаржылық ахуал:

заемшының қаржылық ахуалын бағалау ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша төлемдерді тұрақты және уактылы жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысынан жүргізіледі, заемшының төлем қабілеттілігінің немесе кірістерінің деңгейінің тұрақты және елеулі нашарлауын көрсететін белгілер бар, заемшының кредиттік тарихы жоқ;

еңбек қызметінің тұрақсыздығы немесе рентабелділігінің тұрақсыз деңгейі бар секторда жұмыспен қамтылуы, кәсіпкерлік қызметтен кірістің басқа көздері жоқ болғанда, инфляцияның ағымдағы қарқынын ескере отырып, заемшының кірістерінің немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің төмендеуі;

ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша негізгі борыштың елеулі бөлігін ипотекалық тұрғын үй заемын қамтамасыз етуге берген жылжымайтын мүлікті немесе заемшының басқа жылжымайтын мүлігін сату есебінен ғана өтеу мүмкін, заемшы өзінің міндеттемелері бойынша банкпен есептесе алмайды деген ықтималдылық бар;

заемшының ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

60 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда ;

70 пайыздан аспайды, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК - ке дейін болғанда ;

70 пайыздан көп, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 65 АЕК астам болғанда ,

осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасау барысында заемшы отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің 15 АЕК кем емес болса, басқа өңірлерде 10 АЕК кем емес, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болған жағдайда ;

заемшыда (тең заемшыда) мерзімі ұзартылған міндеттеме және (немесе) шығынға жазылған борыштар (кредиттік бюродан анықтамамен расталған, басқа банктердегі кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары бар. Егер, тәуекелдің бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша заем сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюродан анықтамамен расталу жөніндегі талап жеке тұлғаларға берілген кредиттерге таралмайды;

тоқсанына бір ретке дейін (және одан астам) қоса алғанда өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына бір ретке дейін (қоса алғанда) өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде үш мерзімін ұзарту бар ;

5) өте қиын қаржылық ахуал :

заемшының қаржылық ахуалын бағалау ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша төлемдерді тұрақты және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысынан жүргізіледі, заемшының төлем қабілеттілігінің немесе кірістерінің деңгейінің қиын деңгейге дейін тұрақты және елеулі нашарлауы анықталды, кредиттік досьесі жоқ, заемшының кредиттік тарихы немесе заемшының төлем қабілеттілігі туралы өзге ақпарат заемшының банктің алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындамағандығын немесе төлем қабілетсіздігін куәландырады ;

еңбекпен қамтылмауы немесе коммерциялық қызметінің жоқтығы немесе заемшыға материалдық зиян әкелген не өзге коммерциялық қызметті жалғастыруға мүмкіндік бермейтін факторлар анықталды, заемшы банкпен өз міндеттемелері бойынша есептесе алмайды деген ықтималдылық басым;

заемшының ай сайынғы жиынтық кірістерінің сомасына (жеке табыс салығы мен зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелердің (заем бойынша ай сайынғы төлемдерді, мүлік салықтарын, жылжымайтын мүлікті

сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, жеке сақтандыруды, шарт бойынша жауапкершілікті, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттарымен көзделген басқа тұрақты міндетті төлемдерді қоса алғанда) жалпы сомасының қатынасы:

60 пайыздан көп, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;

70 пайыздан көп, заемшының ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-тен астам болғанда;

кредиттеудің барлық мерзімі ішінде төрт және одан астам мерзімін ұзарту бар.

Тең заемшы осы тармақта көрсетілген коэффициенттерді тартқан жағдайда, заемшының және тең заемшының жиынтық кірістері мен шығыстарынан есептеледі.

Отыз күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен борыш пайда болған сайын заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау жүзеге асырылады. Осы жағдайда заемшының (тең заемшының) қаржылық ахуалын бағалау бұдан кейін ай сайынғы негізде мерзімі өткен берешек толық өтелгенге дейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3. Қамтамасыз ету сапасы мынадай ретте жіктеледі:

1) сенімді қамтамасыз ету – мынадай талаптарға сәйкес келетін жылжымайтын мүлік ипотекасы:

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніндегі негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз ету құнына қатынасы 50 пайыздан аспайды;

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 65 пайыздан аспайды және ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасының 50 пайызынан асып түскен мөлшерде кредитор болып табылатын банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес сақтандыру ұйымы сақтандырған кредиттік тәуекел бар;

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) кепіл құнына қатынасы 70 пайыздан аспайды және ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 50 пайыздан асып түскен мөлшерінде "Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беретін қор" акционерлік қоғамы кепілдік берген не ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының

(тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 65 пайыздан асып түскен мөлшерінде кредиттік тәуекелі бар және/немесе кредитор болып табылатын, банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес сақтандыру ұйымы сақтандырған, ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 50 пайыздан асып түскен мөлшеріндегі кредиттік тәуекелі бар ;

кепілге берілген жылжымайтын мүліктің нарықтық құны төмендеуіне ықпал етуге қабілетті факторлар, оның ішінде заемшының жылжымайтын мүлкі тұрған қалада немесе өзге елді мекенде жаңа жылжымайтын мүліктің құрылысының көбеюі немесе кепілге салынған жылжымайтын мүліктің ықтимал бұзылуы нәтижесінде, анықталған жоқ ;

2) жақсы қамтамасыз ету - мынадай талаптарға сәйкес келетін жылжымайтын мүліктің ипотекасы :

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніндегі негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз ету құнына қатынасы 60 пайыздан аспайды;

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 75 пайыздан аспайды және ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасының 60 пайызынан асып түскен мөлшерде кредитор болып табылатын банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес сақтандыру ұйымы сақтандырған кредиттік тәуекелі бар ;

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) кепіл құнына қатынасы 80 пайыздан аспайды және ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 60 пайыздан асып түскен мөлшерінде "Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беретін қор" акционерлік қоғамы кепілдік берген не ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 75 пайыздан асып түскен мөлшерінде кредиттік тәуекелі бар және/немесе кредитор болып табылатын, банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес сақтандыру ұйымы сақтандырған, ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 60 пайыздан асып түскен мөлшеріндегі кредиттік тәуекелі бар ;

кепілге берілген жылжымайтын мүліктің нарықтық құны төмендеуіне ықпал етуге қабілетті факторлар, оның ішінде заемшының жылжымайтын мүлкі тұрған қалада немесе өзге елді мекенде жаңа жылжымайтын мүліктің құрылысының

көбеюі немесе кепілге салынған жылжымайтын мүліктің ықтимал бұзылуы
нәтижесінде, анықталған жоқ;

3) қанағаттанарлық қамтамасыз ету - мынадай талаптарға сәйкес келетін
жылжымайтын мүліктің ипотекасы:

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніндегі негізгі
борыштың қалдығы) қамтамасыз ету құнына қатынасы 70 пайыздан аспайды;

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі
борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасы 85 пайыздан аспайды
және ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі
борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасының 70 пайызынан
асып түскен мөлшерде кредитор болып табылатын банкпен айрықша
қатынастармен байланысты емес сақтандыру ұйымы сақтандырған кредиттік
тәуекел бар;

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысын дамытудың
мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру аясында құрылған жылжымайтын
мүлікті сатып алуға ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау
күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз ету құнына қатынасы қамтамасыз
ету құнының 90 (тоқсан) пайызынан аспайды және ипотекалық тұрғын үй заемы
сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз
етудің құнына қатынасынан 70 пайыздан асып түскен мөлшерінде не ипотекалық
тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың
қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасынан 85 пайыздан асып түскен
мөлшерінде "Қазақстан ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік
қоғамы кепілдік берген кредиттік тәуекелі бар не кредитор болып табылатын,
банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес сақтандыру ұйымы
сақтандырған, ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау
күніне негізгі борыштың қалдығы) қамтамасыз етудің құнына қатынасынан 70
пайыздан асып түскен мөлшеріндегі кредиттік тәуекелі бар;

кепілге берілген жылжымайтын мүліктің нарықтық құны төмендеуіне ықпал
етуге қабілетті факторлар, оның ішінде заемшының жылжымайтын мүлкі тұрған
қалада немесе өзге елді мекенде жаңа жылжымайтын мүліктің құрылысының
көбеюі немесе кепілге салынған жылжымайтын мүліктің ықтимал бұзылуы
нәтижесінде, анықталған жоқ;

4) қанағаттанғысыз қамтамасыз ету - мынадай талаптарға сәйкес келетін
жылжымайтын мүліктің ипотекасы:

ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының (тәуекелді бағалау күніндегі негізгі
борыштың қалдығы) қамтамасыз ету құнына қатынасы 70 пайыздан астам;

кепілге берілген жылжымайтын мүліктің нарықтық құны төмендеуіне ықпал
етуге қабілетті факторлар, оның ішінде заемшының жылжымайтын мүлкі тұрған

қалада немесе өзге елді мекенде жаңа жылжымайтын мүліктің құрылысының көбеюі немесе кепілге салынған жылжымайтын мүліктің ықтимал бұзылуы нәтижесіндегі факторлар анықталған;

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-кесте

Баллдардың саны	Активтің жіктеу санаты	Провизиялардың мөлшері (негізгі борыштың сомасынан пайызбен)
1 (қоса алғанға) дейін	Стандартты	0
	Күмәнді:	
1-ден 2 (қоса алғанға) дейін	1 санатты	5 пайыз – төлемдерді уақтылы және толь төлегенде
	2 санатты	10 пайыз – төлемдерді төлеуді ұстап қалған немесе толық емес төлегенде
2-ден 3 (қоса алғанға) дейін	3 санатты	20 пайыз - төлемдерді уақтылы және толь төлегенде
	4 санатты	25 пайыз - төлемдерді төлеуді ұстап қалған немесе толық емес төлегенде
3-тен 4 (қоса алғанға) дейін	5 санатты	50 пайыз – барлық жағдайларда
4-тен және одан астам	Үмітсіз	100 пайыз - барлық жағдайларда

Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Бағалы қағаздардың құнсыздануын (құнының азаюын) тану критерийлері

1-кесте

	Критерий атауы	Баллдар саны
1	Қаржылық ахуалы:	
1.1	Тұрақты	+0
1.2	Қанағаттанарлық	+2
1.3	Тұрақсыз	+3
1.4	Өте нашар	+5
2	Кез келген төлемнің өтеу мерзімін өткізіп алу:	

2.1	Мерзімі өткендердің болмауы	-1
2.2	7 күнтізбелік күнге дейін мерзімі өткен	+1
2.3	8 күннен 15 күнтізбелік күнге дейін мерзімі өткен	+2
2.4	16 күннен 30 күнтізбелік күнге дейін мерзімі өткен	+3
2.5	30 күнтізбелік күннен артық	+4
3	Мыналардың болуы:	
3.1	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100 пайыз кепілдігі кезінде) кепілдігі	-4
3.2	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100 пайыздан кем кепілдігі кезінде) кепілдігі	(Балл сомасы «- 4» кепілдік мөлшеріне тепе-тең есептеледі)
3.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттің кепілдігі	-3
3.4	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдігі	-1
3.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитентінің кепілдігі.	-1
3.6	Кепілдіксіз	+0
4	Белсенді нарықтың болуы:	
4.1	Белсенді нарық	+0
4.2	Белсенді емес нарық	+2
5.	Эмитент рейтингінің болуы:	
5.1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «B+»-ке дейінгі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	+1
5.2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен төмен немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар не рейтингі жоқ	+2
6	Қор биржасының ресми тізіміндегі «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген эмитенттердің акциялары	-1
6.1	Қор биржасының ресми тізіміндегі «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген эмитенттердің акциялары	0
7	Бағалы қағаздар рейтингінің болуы	0
7.1	Шетел эмитенттерінің:	
7.1.1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «B+»-ке дейінгі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	+1
7.1.2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен төмен немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар не рейтингі жоқ	+2
7.2	Қазақстан Республикасының эмитенттері	

7.2.1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В+»-тен «ССС»-ға дейінгі немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	+1
7.2.2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ССС»-дан төмен немесе басқа да рейтинг агенттіктерінің ішіндегі біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар не рейтингі жоқ	+2
8	Өзге критерийлер:	
8.1	Дефолт, делистинг	+3
8.2	Бағалы қағаздардың орналастырылуын тоқтата тұру (орналастыруды тоқтата тұру туралы уәкілетті органның шешімі)	+3
8.3	Ақпараттың жоқ болуы	+10

Кестені толтыру бойынша ереже:

Рейтингтік баға мен листинг санаты болған жағдайда акциялардың құнсыздануы үшін аталған критерийлерді қолданған кезде рейтингтік баға есепке алынады.

Бағалы қағаздар эмитенті банкрот болған жағдайда сол бағалы қағаздар бір уақытта нольге теңестіріледі.

2-кесте

Бағалы қағаздардың жіктелген санатын анықтауға арналған баллдар саны	Бағалы қағаздардың жіктелген санаты	Провизиялар (кері түзету) мөлшері
0-1	Стандартты	
	Күмәнді:	
2-4	1-ші санаттағы	15 пайыз - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
2-4	2-ші санаттағы	30 пайыз - төлемді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде
5-7	3-ші санаттағы	45 пайыз - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде
5-7	4-ші санаттағы	60 пайыз - төлемді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде
8-10	5-ші санаттағы	75 пайыз - барлық жағдайда
10-нан астам	Үмітсіз	100 пайыз - барлық жағдайда